

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ МИНИСТРЛИГИ
ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
«Мектепке дейінгі және Бастауыш тәлім» факультеті
«Бастауыш тәлім методикасы» кафедрасы

5111700 «Бастауыш тәлім және спорт тәрбиелік ісі»
тәлім бағдарының 4- Д тобы студенті
Молдағалиева Алия Ерғалиевнаның

**«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ДИФФЕРЕНЦИРЛЕНГЕН ЖҰМЫСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕТОДИКАСЫ»**

тақырыбындағы

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

МАК да қорғауға рұқсат берілсін

Кафедра меңгерушісі:

проф. Айымбетов М. К.

Ғылыми басшысы :

ф.-м. ғ. к. Сапаров З. Б.

Хаткер:

Мырзабекова.Г

Нөкіс – 2015

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Зерттеу тақырыбының актуалдығы: Біздің қоғамымыздың қазіргі жағдайы әр бір адамнан жоғары дәрежелі профессионализмді және оқушылардың толымды негіздік дайындығысыз білінбейтін іскерлік, ситуацияларға бейімделу, тез және қатесіз шешімдер қабылдау қабілеті сияқты қасиеттерді талап қылады. Осыған байланысты жалпы білім беру мектептерінің оқытушыларының білім берудің әр түрлі басқыштарында оқушыларды оқытудың дифференциацияланған жолынан пайдалану мәселесіне қызығушылығы анағұрлым асты. Бұл қызығушылық оқытушылардың оқу- тәрбиелеу процесін әр бір оқушы сабақтарда және оларға үйде дайындалғанда оқу- тәрбиелеу істерімен оптимал шұғылданатындай қылып, оның қабілеттіліктері мен интеллектуал дамуын есепке алып, ұйымдастыруға ұмтылуы мен түсіндіріледі.

Математика сабақтарында оқушылардың ақыл жүктемесінің ұлғаюы оқушылардың үйренілетін материалға қызығушылығын, олардың бүтін сабақ барысында белсенділігін қалай қолдап қуаттау керектігі туралы ойлауға мәжбүр етеді. Осыған байланысты жаңа эффектив оқыту ұсылдары мен оқушылардың ақылын жандандыратын, олардың өз бетінше білім алуына жағдай жасайтын методикалық әдістер ізделеді.

Оқушылардың көпшілігінде математикаға қызығушылықтың пайда болуы негізінен оқу істерінің әдісін біліп құрылуына байланысты болады. Әр бір оқушы белсенді және беріліп жұмыс істеуінің және бұдан білуге құмарлық, терең танымдық қызығушылықтың пайда болуы және дамуы үшін алғашқы нүкте есебінде пайдаланудың қамын ойлау керек. Бұл әсіресе оқулық пәнге тұрақты қызығушылықтары мен бейімділіктері қалыптасып бастайтын, кейде анықталатын жеткіншек жаста өте қажет. Дәл осы дәуірде математиканың өзіне тартатын қасиеттерін ашып беруге ұмтылу керек.

Бұл мәселені шешуде оқытушы, оның өз пәні көлемінде эффектив технологиялардан пайдалану қабілеті жетекші роль ойнайды.

Дифференциацияланған оқыту технологиясы, біздің пікірімізше, осындай технология болады. Бастауыш мектепте математиканы дифференцирлеп оқыту мәселесін тек білім беру мазмұнын жетілдіру арқылы ғана шешу мүмкін еместігі түсінікті, себебі әр түрлі дәрежедегі тұрмыс тәжірибесінде мұны іске асыру оқытушыдан оқушылардың сабақтағы, үйдегі және сыныптан тыс жұмысындағы оқу істерін ұйымдастырудың принципіал жаңа ұсылдарын талап етеді.

«Дифференциацияланған оқыту» терминінде оның педагогикалық бағыттанушылығы, баса айтылады, қолданудың әр алуандығы бейнеленеді. Сондықтан бастауыш мектепте математиканы оқыту системасында дифференциацияланған оқыту технологиясынан пайдалану оқушылардың оқу істерін қарқындандырудың маңызды құралы болады деп айтуға болады.

Зерттеу объекті: дифференциацияланған оқыту технологиясы.

Зерттеу предметі: математика сабақтарында дифференциацияланған оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері.

Зерттеу мақсаты: математика сабақтарында дифференциацияланған оқыту технологиясынан пайдалану жолдарын үйрену.

Зерттеу міндеттері:

- бастауыш сыныптардың оқушыларына математиканы оқытудың дифференциацияланған технологиясының спецификасын арнаулы әдебиеттерден үйрену;
- математика сабақтарында дифференцирленген оқыту технологиясынан пайдалану арқылы оқушылардың үйрену жеделдігін асыру жолдарын анықтау;
- дифференциацияланған оқыту технологиясының мазмұнын, максаттары мен формаларын ашып беру.;

- дифференциацияланған оқыту технологиясының психологиялық-педагогикалық негіздері мен критерийлерін анықтау;
- математика сабақтарында дифференциацияланған оқытуды ұйымдастыру ұсылдарын үйрену.

Бітіру мамандық жұмысы жұмыстың жалпы сыпаттамасынан, екі тараудан, жеті параграфтен, қорытынды бөлімінен және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен түзілген.

I тарауда жалпы білім беру мектебінің бастауыш сыныптарында математика бойынша дифференциацияланған оқытудың теориялық негіздері зерттеліп, төрт параграфке бөлінген. 1- § те дифференциацияланған оқыту мақсаттары, нәтижелері және тиімділік критерийлері, дифференциация модельдері, 2-§ те математика бойынша дифференциацияланған оқыту спецификасы, 3- § те математика сабақтарында дифференциацияланған оқыту ұсылы жәрдемінде оқушылардың таным екенділігін арттыру жолдары, 4- § те дифференциацияланған оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері мен критерийлері қаралады.

II тарау. Бастауыш сыныптарда оқушылардың математика бойынша дифференциацияланған жұмысын ұйымдастыру методикасы зерттеліп, үш параграфке бөлінген. 1- § те бастауыш мектепте сабақтарда дифференциацияланған оқытуды жүзеге асыру бойынша істерді ұйымдастыру жолдары, 2- § те оқытуды дифференциациялау бастауыш мектеп оқушыларының оқу істерінің эффективтігін арттыру құралы ретінде қаралады. 3- § те бастауыш мектептегі сынып ішіндегі дифференциациялаудың ерекшеліктері үйреніліп, екі пунктке бөлінген. 3. 1-пунктте мектепте дифференциацияланған оқыту формаларын сыныптау үшін негіздер, 3. 2- пунктте бастауыш мектептегі ішкі дифференциациялау формаларын сыныптау және ішкі дифференциациялау формаларының спецификасы қаралады.

I ТАРАУ. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІНІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНДА МАТЕМАТИКА БОЙЫНША ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛАНҒАН ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

§ 1. Дифференциацияланған оқыту: мақсаттары, нәтижелері және тиімділік критерийлері, дифференциация модельдері

Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік- мәдени, рухани және экономикалық өзгерістер қоғамның бірте- бірте адамның жеке қасиеттерін маңызды деп тани бастауына алып келеді. Педагогикалық ғылым мен тәжірибе де біріңғайланған қоғамдық бағдарланған ағарту моделінен вариациялық және жеке адамға бағдарланған модельдерге өтеді. Барлық балалардың «бірдейлігі» туралы миф күйрейді. Осының нәтижесінде оқытуды дифференциациялау мәселесі педагогикалық ұжымдардың назар аударатын мәселелерінің біреуі болады, мектептің келешек жаңалануы мен дамуы, ескірген оқыту және тәрбиелеу ұсылдарын еңсеру, балалардың өзіндігін ізгілендіру мен демократияландыру бастамасында дамыту осы мәселені шешу мен байланысты болады.

Дифференциация латынша "difference" сөзінен аударғанда бүтінді әр түрлі бөлектерге, формаларға, басқыштарға бөлу, жіктеуді білдіреді.

Дифференциацияланған оқыту- бұл: 1) оқытушы оқу процесі үшін маңызды белгілі бір жалпы қасиеттерінің барын есепке алып түзілген оқушылар топтары (гомогендік топ) мен жұмыс істейтін оқу процесін ұйымдастыру формасы; 2) оқу процесін оқушылардың әр түрлі топтары үшін мамандандыруды қамтамасыз ететін жалпы дидактикалық жүйенің бөлегі.

Оқытуды дифференциациялау- бұл: 1) контингенттерінің ерекшеліктерін есепке алу мақсатында әр түрлі мектептер, сыныптар, топтар үшін түрлі- түрлі шарттар жарату; 2) гомогендік топтарда оқыту процесін

жүзеге асыруды қамтамасыз ететін методикалық, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру- басқару іс- шараларының комплексі.

Дифференциацияланған оқыту әр түрлі ұйымдық формаларында, әр түрлі оқу құралдары жәрдемінде және әр түрлі дәрежелерде (дара-методикалық, технологиялық, жалпы педагогикалық, әлеуметтік) жүзеге асырылады. Қазіргі заман ағарту тәжірибесінде дифференциациялау түрлері мен формалары былайша сыныпталады:

Гомогендік топтарды калыптастырудың негізін құрайтын балалардың *жеке- психологиялық өзгешеліктері* бойынша дифференциация мынадай бөлінеді:

- жас құрамы бойынша (мектеп сыныптары, жасы бойынша жарыстыра салыстыру, әр түрлі жастағы оқушылар қатысатын топтар) ;
- жынысы бойынша (ер балалар, қыз балалар, аралас сыныптар, командалар, мектептер);
- қызығушылық тараулары бойынша (гуманитарлық, физикалық-математикалық, биологиялық- химиялық және басқа топтар, бағыттар, бөлімдер, мектептер);
- ақылының дамуы дәрежесі бойынша (жетіскендіктер дәрежесі);
- жеке психологиялық түрлері бойынша (пікірлеу түрі, характерінің акцентуациясы, темпераменті, социотипі және т. б.);
- денсаулығы дәрежесі бойынша (физкультура топтары, көз көруі, естуі әлсірегендер топтары, сырқаттық сыныптары).

Гомогендік топтардың *ұйымдық дәрежесі* бойынша дифференциация төмендегіше бөлінеді:

- мектептер түрі бойынша аймақтық (арнаулы мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер, жеке мектептер, комплекстер);
- мектеп ішіндегі (дәрежелер, бағдарлар, бөлімдер, тереңдетулер, бейімдер, ағымдар);

- жарыстыра салыстырудағы (әр түрлі дәрежелі топтар мен сыныптар: гимназиялық, өтемдік оқыту сыныптары және т. б.);
- сыныптар ара (факультативтік, жиынтық, әр түрлі жастағы оқушылар қатысатын топтар);
- сынып ішіндегі немесе пән ішіндегі (сынып құрамындағы топтар).

Сынып ішіндегі дифференциация «ішкі дифференциация» деп, басқа түрдегі дифференциациялар «сыртқы дифференциация» деп аталады.

Кейде ішкі дифференциацияға сыныпты кез келген, тіпті дифференциацияланған оқытудың интегративтік моделі қолданылатын әркелкі топтарға бөлу де кірітіледі. Оқушыларды топтық оқыту ұсылындағы бөлу, ойын методикаларынан, бригадалық- лабораториялық ұсылдан, жобалар ұсылынан және т. б. пайдалану бұған мысал болады.

Оқыту оқу- тәрбиелеу процесінің белгілі бір шарттары немесе компоненталары мен өзгешеленетін кез келген топ айрықша дифференциалдық топқа айырылуы мүмкін. Осы белгілері бойынша дифференциацияланған топтардың мына түрлері көрсетіледі:

- оқыту максаттары бойынша: өтемдік оқыту (теңестіру, түзету, педагогикалық қолдау), шығармашылық, дарынды балалар менен жұмыс, жоғары оқу орындарына түсуге дайындық, мамандық иемдену және т. б. топтары;
- оқыту мазмұны бойынша: бейінді, бағдарлары бойынша, тереңдетумен, бейіммен, пәнді ерте зерттеу, арнаулы бағдарламалы арнаулы сыныптар (топтар, мектептер), кәсіптендіру және мамандандыру, қосымша білім беру қызметтері және т. б. топтары;
- ұсылдары мен технологиялары бойынша: дамытушы оқыту, ұжымдық оқыту ұсылы; компьютерлік технологиялар, әлеуметтік ойын, Вальдорф педагогикасы, монтес- сори- жоғары жеке ілтіпат методикасы, өтемдік оқыту және т. б. топтары;

- оқыту дәрежесі бойынша: негізгі білім беру стандарты, көтеріңкі дәрежедегі (пәнді терең үйрену, факультативтік, гимназиялық, лицейлік), өтемдік, бейімдеуші дәрежедегі (теңестіру, түзету, педагогикалық қолдау), арнаулы және т. б. топтары;

- оқыту қарқыны (уақты) бойынша: озық, жеделдетілген және баяу қарқынды оқыту (үш, төрт және бес жылдық бастауыш мектеп, экстернат) сыныптары (топтары).

Дифференциацияланған оқытудың мақсаттарын әр түрлі позициядан анықтау мүмкін:

- психологиялық- педагогикалық- әр бір оқушының нышандарын анықтау, қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін дамыту үшін оптимал жағдайлар жаратуға негізделген оқытуды даралау;

- дидактикалық (методикалық)- мектептің мерзімі жеткен мәселелерін дифференциацияланған оқытудың бүтіндей басқа уәждемелік негізге негізделген жаңа методикалық жүйесін құру жолы мен шешу;

- әлеуметтік- оқытудың қоғамның шығармашылық интеллектін, кәсіптік потенциалын қалыптастыруға қоғамның әр бір мүшесінің мүмкіндіктерінен рационал пайдалану мақсатында мақсатқа бағдарланған әсері.

Оқытуды дифференциациялау мен даралаудың негізгі *мақсаттары, нәтижелері мен эффективтілік критерийлері* мыналар:

1) мектепте білім беру тиімділігін (эффективтілігін) арттыру, жас ұрпаққа әр біреуіне өз мүмкіндіктерінің, қабілеттіліктерінің максимал дамуын қамтамасыз ететін еліміз үшін ең пайдалы және мақсатқа сәйкес білім беру жүйесін түзу;

2) оқу- тәрбиелік процесін демократияластыру, мектептердің біркелкілігін жою, оқушыларға оқу- тәрбиелік процесі элементтерін сайлап алу еркіндігін беру;

- 3) балалардың жеке өзгешеліктеріне дәлме- дәл және олардың жан- жақты- ақыл- ойының, физикалық, адамгершілігінің, эстетикалық, еңбекқорлығының дамуы үшін оптимал оқыту және тәрбиелеу үшін жағдай тудыру;
- 4) оқушылардың даралығын, дербестігі мен шығармашылық потенциалын қалыптастыру және дамыту, дарынды балаларды максимал дамыту, оқушыларға қабілеттіліктері мен білім беру нәтижелерін есепке алып мамандықты тиянақты сайлап алуын қамтамасыз ету;
- 5) әлеуметтік- педагогикалық жәрдемге мұқтаж балаларды қорғау, дамуында ауытқушылығы бар және бейәлеуметтік мінез- құлықты балаларды толық бағалы оқу процесіне бейімдеу және қосу.

Дифференциацияланған оқыту жүйесін құрғанда оның мынадай түрлерін сайлап алу керек:

- бар дидактикалық мүмкіндіктер шеңберінде (диагностикалық жабдықтар, оқу- методикалық база) орындалатын;
- ситуацияның елеулі қажеттілігімен (диагностика нәтижелері, ата- аналардың талаптары, әлеуметтік тапсырыс) ұсынылатын;
- оқытудың ең жоғары тиімдігі мен нәтижелілігі күтілетін ;
- баланың тұлғасын қалыптастырғанда ұнамсыз нәтижелерге, олқылықтарға, қателіктерге алып келмейтін;
- сәйкес біліктілікті (квалификациялы) кадрлармен қамтамасыз етілген.

Дүниежүзілік тәжірибеде дифференциация модельдері мынадай бөлінеді:

1. Ағымдар (дүрмектер) моделі.

Модельдің негізгі характеристикасы: әр түрлі ағымдарға (дүрмектерге) қатал бөлінген бір неше сынып бір мектепте жұмыс істейді. Сыныпта пәнді оқыту қиындығы дәрежесі бойынша (жоғары, орташа, төмен) айырылады. Барлық пәндер сыныпта бір дәрежеде оқытылады. Оқушыларды бөлу олардың тестер

мен қадағалау негізінде анықталатын интеллектуалдық ерекшеліктері дәрежесіне сәйкес орындалады.

2. Сыныптардың икемді құрамы моделі.

Мұндай модельде оқушылар бір қатар пәндер бойынша бірдей дәрежелі сыныптарда, ал басқалары бойынша әрқелкі дәрежелі топтарда шұғылданады. Әр текті сыныптарға іріктеу ерікті болуы мүмкін. Оқушыны белгілі бір дәрежеге қосу бірінші модельдегі сияқты орындалады. Пәндер бойынша талаптар мен нормалар белгіленген, оқушы бір дәрежеден екіншісіне үлгеру бағасы негізінде өтуі мүмкін.

3. Әр түрлі дәрежелі сыныптар моделі.

Бұл модельде оқушы барлық пәндер бойынша әр түрлі дәрежелі сыныпта оқиды. Оқулық материал бес аптаға жақын жалғасатын модульға топталған. Модульді үйреніп болғаннан соң оқушылардың білімдері мен ептіліктері бағаланады, бұлардың негізінде кейбір оқушыларға терең үйренуі үшін материал, ал қалғандарына түзету тапсырмалары беріледі.

4. Интегративтік модель.

Қабілеттіліктері әр түрлі оқушылар әр түрлі дәрежелі сыныпқа жиналады. Оқытушының міндеті- сынып пен жұмыс істегенде барлық оқушылардың өзгешеліктерін есепке алу және әр біреуіне өзінің оқу бағдарламасы мен материалды үйрену тездігін таңдап алу.

§ 2. Математика бойынша дифференциацияланған оқыту спецификасы

Біздің елімізде мектептердің оқушыларға бағыт алуы педагогикалық қоғамда қазіргі уақытта инновациялық іскерлік бағытын анықтайтын жеке адамға бағытталған білім беру идеясына үлкен қызығушылық пайда етті.

Жалпы орта білім беру мектебінің негізгі максаты- жеке адамның ақылының, адамгершілігінің артуына, эмоционаллық және физикалық дамуына жәрдем беру, оның шығармашылық мүмкіндіктерін барынша ашу, баланың индивидуалдығының өркендеуі үшін оның жас ерекшеліктерін есепке алып әр түрлі жағдайлар тудыру- бұл жеке адамға бағытталған білім беру.

Кез келген оқыту өз мазмұны бойынша жеке адамның дамуы үшін жағдайлар тудыру. Жеке адамға бағытталған білім беру адамның мәдениетте және тұрмыста өзі- өзін билеу ұсылы ретінде оқушыға, оның жеке өзгешеліктеріне, мәдениетіне, шығармашылығына бейімделген. Дифференциацияланған білім беру процесі принципі оқушылардың жеке басының дамуын іске асыруға жәрдем береді және жалпы орта білім берудің мазмұны мен мақсаттарын қолдайды.

Дифференциацияланған білім беру процесі- оқушылардың оқу мүмкіндіктері, бейімділіктері мен қабілеттерінің психологиялық- педагогикалық диагностикасының нәтижелері негізінде оқыту мен оқу істерін ұйымдастырудың әр түрлі формаларынан, ұсылдарынан кең пайдалану. Оқушылардың жеке өзгешеліктеріне негізделіп деңгейлік дифференциация біреуі болған бұл формалар мен ұсылдардан пайдалану жеке адамға бағытталған білім беру процесінде жеке адамды дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызады. Бұдан мыналар келіп шығады [1]:

- әр бір оқушының өзіндігісіз және тек оған тән жеке өзгешеліктерісіз дифференциацияланған оқыту процесін құру мүмкін емес;

- деңгейлік дифференциацияға негізделген оқыту мақсат емес, ол жеке өзгешеліктерді өзіндік ретінде дамыту құралы;
- тек әр бір оқушының дамуында, яғни дифференциацияланған оқыту процесінде, жеке өзгешеліктерін ашып ғана жеке адамға бағытталған оқыту процесін іске асыру мүмкін.

Оқу істерін дифференцирлеп ұйымдастырудың негізгі міндеті- өзіндікті ашу, оның дамуына, тұрақтануына, айқындануына, әлеуметтік ықпалдарға талғамдылық пен тұрақтылық табуына жәрдем беру. Дифференциацияланған оқыту әр бір оқушының нышандары менен қабілеттерін анықтауға және максимал дамытуға келтіріледі.

Жеке адамға бағытталған білім берудегі дифференциацияланған оқыту жағдайларында оқушының жеке тұлғасын дамыту оқушылардың адамның жеке өзгешеліктерін мағыналық деңгейге көтерілген мемлекеттік білім беру стандарты негізінде вариативтік дифференциацияланған ұсылда оқытуды еркін таңдап алуын қамтамасыз етуді мақсат қылып қояды [2].

Оқу процесінің әр түрлі басқыштарында дифференциацияланған ұсылдан пайдалану барлық оқушылардың программалық минимум мен анықталған білімдерді, икемділіктер мен дағдыларды игеруіне бағытталған.

Оқыту мен тәрбиелеудің дифференциациясы оқушының жеке өзгешеліктерінің, оның қабілеттерінің, қызығушылықтарының, бейімділіктерінің, білім алуға дайындығының ерекшелігіне негізделген.

Ол икемді және өзгермелі, оқытушыға оқыту процесінде әр бір оқушыға жекелей қатыс жасауға мүмкіндік беруі және сыныптың жалпы белсенділігіне көмектесуі керек. Оқу процесінің барлық басқыштарында барлық оқушыларға олардың жеке психологиялық дамуының ерекшеліктерін есепке алмай «талап бірдейлігін» іске асыру олардың бір қалыпты оқуына кедергі жасайды, оқуға қызығушылықтарының жоқтығына себепкер болады [3].

Оқу істерін дифференцирлеп ұйымдастыру бір жағынан қарағанда оқушылардың ақылының даму деңгейін, психологиялық ерекшеліктерін, абстракт- логикалық ойлау түрін есепке алады. Екінші жақтан қарағанда баланың конкрет білім саласындағы жеке тілектері, оның мүмкіндіктері мен қызығушылықтары еске алынады. Оқу істерін дифференцирлеп ұйымдастырғанда бұл екі жақ кесіліседі.

Әр бір оқушы өз (субъектив) тәжірибе иесі ретінде бірден- бір. Сондықтан оқытудың басынан бастап әр бір оқушы үшін жекеленген емес, өзін көрсетуге мүмкіндік беретін жан- жақты мектеп ортасын құру керек. Педагог бұл мүмкіндікті анықтағаннан кейін ғана оқушылардың дамуы үшін ең қолайлы дифференциацияланған оқыту формасын ұсынуы мүмкін.

Бұны еске алып, оқытушы дифференциацияланған оқыту жағдайларында баланың дамуы неден құралатынын, оқушылардың жеке басының структурасындағы сапалық өзгерістерін қандай қозғайтын күштер анықтайтынын, қай уақытта бұл өзгерістер қандай сыртқы, әлеуметтік, педагогикалық және ішкі факторлар әсерінде өте қарқынды болатынын айқын көз алдына келтіруі керек. Бұл сұрақтарды түсіну жеке тұлғаны қалыптастырудағы жалпы және жеке тенденцияларды, жас бойынша ішкі қарама- қарсылықтардың үдей түсуін анықтауға және оқушыларға жәрдем берудің ең эффектив ұсылдарын таңдап алуға мүмкіндік береді.

Жеке адамға бағытталған оқыту ұсылы- қазіргі заман білімін ізгілендіру бағдарламасындағы бас идея. Осыған байланысты білім беру процесінің ұйымдастырушы, мазмұндық және басқарушы компоненттерін олардың баланың дамуына әсері, білім беру сапасын арттыру көз карасынан қайта карап шығу керек болады. Бұл стратегияны жүзеге асырудың маңызды аспекті- педагогикалық үдірісте оқушыларға жеке дифференциацияланған қатыста болу, себебі ол балалардың бұрын айқындалған бейімділіктері мен қабілеттерін, баланың дамуы үшін жағдайлар туғызуды талап етеді. Ішкі

дифференциация әдістері мен ұсылдарынан шебер пайдалану педагогикалық үдірісті табиғатқа сай- оқушы тұлғасының жеке табиғатының ерекшелігіне максимал дәрежеде дәлме- дәл және оның қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттерінің қалыптасуына айтарлықтай дәрежеде жәрдем беретіндей, қылады.

Қазіргі заман бастауыш білім беру концепциясы кіші жастағы оқушы тұлғасын оқу істерін қалыптастыру негізінде тәрбиелеу және дамыту мақсаты приоритетіне негізделеді. Әр бір оқушы оқуды қалайтын оқыту субъектіне айналуы үшін жағдайлар туғызу өте маңызды. Оқыту, Ш. А. Амонашвили айткандай, «оқушылардың жеке өзгешеліктеріне вариативтік» болуы керек. Оқыту дифференциациясы балаларға жеке қатыста болуды іске асыру құралдарының бірі. Оқушылардың өзіне тән жеке ерекшеліктерін есепке алу характерлі болған оқу- тәрбиелеу процесі дифференциацияланған деп есептеледі [3].

Оқытудағы дифференциация оқушыларды кейбір белгілері бойынша бөлуді талап етеді, бұл келесі топтастыру үшін іске асырылады, яғни дифференциацияда оқушыларды біріктіруде байқалатын интеграция міндетті түрде катысады. Және бір маңызды аспект- топтарда оқу процесін әр түрлі қылып құру. Сөйтіп, дифференциацияланған оқытуда баланың өзіне тән жеке ерекшеліктері оқушыларды топтастыру формасында және бөліп алынған топтарда оқыту процесін әр түрлі қылып құрып іске асырылады.

§ 3. Математика сабақтарында дифференциацияланған оқыту ұсылы жәрдемінде оқушылардың таным екпінділігін арттыру

Табиғат адамзатты жомарт силықтаған: Жерде ешқашан бүтіндей бірдей екі адам болмаған, жоқ және болмайды да. Әр бір адам өз жеке даралығында жалғыз және қайталанбайды. Әсіресе бастауыш мектепте жеке ерекшеліктер көзге түсерлік. Әдетте, оқытушы сабақта таңдап алатын орташа жұмыс істеу қарқыны тек оқушылардың кейбір бөлегі үшін ғана қолайлы болып, басқалары үшін жүдә тез, үшіншілері үшін өте баяу. Бір оқулық мәселе кейбір оқушылар үшін өте күрделі, дерлік шешілмейтін мәселе, ал басқа балалар үшін- оңай мәселе.

Басқаша айтқанда, оқулық материалды менгерудің табысты болуы тек бір оқытушының қызметіне ғана емес, оқушылардың тану мүмкіндіктері мен қабілеттеріне де байланысты болады. Бұдан әр бір оқытушының алдында ұдайы осындай қайшылықтардың жағымсыз салдарларын залалсыздандыру, ұнамдыларын күшейту, яғни сынып- сабақ оқыту формасында әр бір баланың нақты және әлеуетті мүмкіндіктерінен пайдалану мүмкін болатындай жағдайлар туғызу мәселесі тұратына келіп шығады.

Бұл мәселені оқушылардың өзіндігін және жаратушы белсенділігін дамыту жолы мен шешу мүмкін. Сондықтан мектеп жұмысының басым бағыты- оқушы тұлғасын үйлесімді дамыту, жалпы қабілеттіліктерін қалыптастыру және оқушылардың таным екпінділігін әр бірінің жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне сәйкес көтеру. Ескі классикалық педагогика «оқытушының асқан күнәсі- жалықтырғыш болу», - деп сендіріп еді. Бала таяқтың күші мен оқитын болса, ол оқытушыға көп әбігерлік пен алып келеді, ал балалар ынта қойып шұғылданса, онда іс басқаша болады. Басқаша айтқанда, бала оқуды қалағаны, оқудан рақаттануы үшін оқуы керек. Кіші жастағы оқушылардың математика сабақтарында таным

екпінділігін көтеру жолдарының біреуі- дифференциацияланған оқыту ұсылдарын жетілдіру.

Жеке және дифференциацияланған жұмыс мына шарттарға жауап беруі керек:

- дара оқушылардың және оқушылар тобының жеке және өзіне тән өзгешеліктерін білу;
- оқытушының оқулық материалды талдау жасап және мүмкін болған қиыншылықтарды айқындап білуі;
- сабақ жобасына әр түрлі топтар және дара оқушылар мен бағдарламалық материалды меңгеруге және таным қабілеттерін дамытуға дифференциацияланған жұмысты қосу;
- әр бір оқушы мен жұмыста кезек күттірмейтін педагогикалық міндеттерді қою;
- жедел кері байланысты іске асыру;
- педагогикалық әдепті сақтау.

Таным екпінділігін дамытуға бағытталған дифференциация ұсылдары:

- психологиялық процестерді: зейін, қиял, ес, логикалық пікірді, дамытуға бағытталған дифференциацияланған тапсырмалар;
- дифференциацияланған өз бетінше жұмыс (қызықтығы, қиындық деңгейі, нәтижелілігі, әр түрлі қиындықтағы тапсырмалар жазылған жеке карточкалар бойынша);
- дифференциацияланған бақылау (деңгейлі тапсырмалар, таңдап алуға тапсырмалар), үлгілер мен критерийлер бойынша оқушының өзін- өзі бақылауы;
- үй тапсырмаларын жекелестіру (көлемі, қиындығы, шығармашылыққа бағытталғандығы бойынша);
- дифференциацияланған мадақтау ұсылы;
- әр түрлі көрнекіліктерден пайдалану [5].

Бастауыш мектептегі оқулық тапсырмалар қабылдау, есте сақтау, ұғыну мен байланысқан бірінші сынып оқушылары үшін ең қарапайым амалдардан бастап таным операциялар системасын өз ішіне алуы керек. Бірінші сыныптағы әдістер негізінде фигуралар, заттар, сөздер, сандар мен амалдар жатады.

Мысалы: «Таяқшалардан цифраны, әріпті құра»; «Пластиннен 5 сақиналы, жанына 2 сақина төмен пирамидканы соғып жаса»; «Үлгі бойынша жіптерден фигура құрастыр» және т.б. Оқу процесіне психикалық процестерді: зейін, қиял, жад, логикалық пікірді, дамытуға бағытталған дифференциацияланған тапсырмалар қосылады. «XXI ғасыр бастауыш мектебі» ОМК 1- сынып үшін «Ойлауды және қиялдауды үйренеміз» жұмысшы дәптерінде (Гаврилина С. В.) психологиялық қасиеттерді: зейін, қиял, жад, пікірді, дамытуға тапсырмалар берілген. Тапсырмалар қиындық дәрежесі бойынша берілген, бұл топтарда дифференциацияланған жұмысты ұйымдастыруға жәрдем береді.

Зейін- үйрену істерін ұйымдастырудың маңызды формасы. Оқулық материалға зейіннің әр түрлі характеристикаларын: көлемін, тұрақтылығын, көңілін бір заттан екіншісіне аудару, оны әр түрлі заттарға және іс түрлеріне бөлу қабілетін дамытуға бағытталған мазмұнды- логикалық тапсырмалар қосылады.

Логикалық пікір. Адамның интеллекті бірінші кезекте оның жинаған білімдері жинағы мен емес, жоғары пікірлеу дәрежесі мен анықталады. Бұдан педагогикалық процестің басты міндеті- оқушыларда үйлесімді ақыл жаратылысын қалыптастыру- келіп шығады. Сондықтан бастауыш сыныптарда- ақ балаларды талдау жасауға, салыстыруға және жинақтауға үйрету керек. Математикалық кроссвордтар бұған мысал болуы мүмкін. Алғаш қарапайым кроссвордтар («терезелі» мысалдар), соң күрделіректері

пайдаланылады. Логикалық мәселелер мен тапсырмалар өз пікірін негіздеу, дұрыстығын дәлелдеу шеберлігін дамытуға жәрдем береді [2].

Жад интеллектуалдық қабілеттіліктерді дамытудың қажет шарттарының біреуі. Ежелгі гректер жад құдайы Мнемозинаны тоғыз шабыттың, барлық белгілі ғылымдар мен көркемөнерлерге қамқоршы әйелдердің анасы деп есептеді. Жадынан айырылған адам адам болудан қалады. Көп көрнекті адамдар ерекше қабілетті жадқа ие болған. Балалардың жадын дамыту үшін есту және көру диктанттары қолданылады.

Бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық өзгешеліктері, олардың табиғи білуге құмарлығы, елгезектігі, жаңалықты менгеруге аса бейімділігі, оқытушы бергеннің бәрін қабылдауға дайындығы таным қызметін дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызады. Таным қызығушылығын қалыптастырудың басты құралы- қызықтылық. Қызықтылық элементтері, ойын, барлық ерекшеліктер, кенеттіктер балаларда қайран қалушылық сезімін, таным процесіне ақиқат қызығушылық пайда етеді, кез келген оқулық материалды менгеруге жәрдем береді.

Дидактикалық ойындар математика сабақтарында оқушылардың таным белсенділігін дамыту үшін кең қолданылады. Олар негізінен фронтал, бүткіл сынып пен өткізіледі, сондықтан ойында барлық оқушылардың белсене қатысуын қамтамасыз ету қиын болып, бұл ойындардың эффективтігін төмендетеді. М. И. Моро мен Н. Ф. Вапняр істеп шыққан «Математикалық тапсырмалар мен ойындар жазылған карточкалар» қолданбасындағы математикалық ойындар жеке немесе топарлық жұмысты өткізу үшін мүмкіндік береді. Ойынның білім беру максатын, оның тәрбиелік және дамыту мүмкіндіктерін әбден ойлап, сабақта ойынды өткізу уақыты анықталады. Сабаққа дейін әр түрлі дәрежедегі ұсынылатын ойындар жиынтығын үлестірген жақсы болады. Нұсқамадан кейін балалар өз бетінше ойнайды. Оқытушы тек қажет жағдайларда ғана араласып, ойынды

бақылайды. Ойыннан кейін өзара тексерулер өткізіледі және қорытынды шығарылады. Бұл ойындар сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келуі, дифференцирленіп өткізілуі және оларда сыныптың барлық балалары қатысуы мен бағалы [3].

Дифференциацияланған өз бетінше жұмыстан пайдалану таным қызығушылығын жеделдестіру мәселесін шешеді. Сыныптағы шығармашылық атмосферасы оқушы қателесуден, жаңсақтық істеп алудан қорқпағандықтан пайда болады. Оларға жазба жұмысты асықпай орындау ұнайды, егер оларды асықтырмаса, олар осындай жұмыс системасына көндігеді.

Егер бірінші оқу жылының басында таным қызметін жеделдестіру негізінен ойыншықтар, айқын суреттер мен ертегілер жәрдемінде іске асырылса, екінші жарымында көрнектілік схемалар, кестелер, жоспар көрінісінде болады.

Ойлау процесі заттық- әсерліктен көрнекті- бейнеліге өтеді. Көрнектіліктен табысты пайдалану нәтижесінде таным белсенділігі артады, зейін мен еңбекке қабілеттіліктің жақсылануы салдары ретінде сабақтағы жұмыс көлемі көбейеді. Оқушылар кейбір кестелерді құруда оқытушы мен бірге қызмет істеуге тырысады.

Солай етіп, математика сабақтарында оқушылардың таным қызметін жеделдестіру – оқытушының барлық оқушыларда жаңа білімдерді, жаңа қызмет ұсылдарын менгеру қабілеттіліктерін, таным, информацияларды жаңалау және қоршаған ақиқаттықты менгерген білімдері, икемділік пен дағдылары жәрдемінде өзгерту қажеттіктерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерлері системасы [5].

Дифференциацияланған ұсыл тіпті төмен үлгеретін оқушыларға да сабақта тапсырмаларды орындау және белсенді болу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Олар өз білімдеріне батыл болып бастайды және

сабақтарда жауап беруге ұялуды қойды. Бала өз жұмысының нәтижесін көрсету қуаныш сезімі пайда болады.

§ 4. Дифференциацияланған оқытудың психологиялық- педагогикалық негіздері мен критерийлері

Оқытуды дифференциациялау қазіргі уақытта мектепті жаңалаудың негізгі бағыттарының бірі. Бұл дифференциацияның алуан түрлі білім беру системасын іске асыруда, оқытуды даралауды, оқушылардың қабілеттіктерін, таным белсенділіктерін дамытуда, олардың оқу жүктемесін тұрақтандыруда және т. б. ойнайтын ролі мен анықталады. Ағарту және білім беру процесінің мазмұнын дифференциациялау оны демократияландыру және ізгілендірудің анықтаушы факторына, өз мүшелерінің білім потенциалындағы қоғам талаптары мен әр бір адамның жеке бас бағдары арасында оптимал арақатыстарды орнату құралына айналады [3].

Мектептің жоғары басқыштарында бейінді оқытуды енгізу келешектері оқытуды дифференциациялау мәселесін айрықша актуалдастырды. Бүгінгі күн мектебі баланың жеке тұлғасына, оның даралығына бет бұруға, қазіргі күнде және келешекте оның икемділіктері мен қабілеттіктерін дамыту үшін ең жақсы жағдайлар тудыруға әрекет жасап жатыр [3].

Оқыту системасын әр бір оқушы үшін дамыту эффектін асыру мақсатымен өзгертуге алғашқы рет Л. В. Занковтің (1963) басшылығымен әрекет қылынды. Бұл ғылыми мектепте оқытуды дифференциациялаудың басты параметрі және балаға жеке қатынас негізі оқулық материалды менгерудің табыстылық деңгейі болды. Бұл қатынас сынып- сабақ оқыту формасын ұйымдастыруда маңызды өзгерістерді: оқытушының әр түрлі оқушылар топтары мен бір уақытта жұмыс істеуін, әр бір сабаққа әр түрлі дәрежедегі қиындықтағы тапсырмаларды істеп шығуын, әр түрлі бағалау критерийлерін пайдалануын, талап етті. Л. В. Занков мектебінде өткізілген бір қатар зерттеулер оқытуды дифференциациялаудың осындай формасының пайдалылығын көрсетті. Бірақ ол балалардың өзгешелігінің тек бір параметрі

мен шектелген, бастауыш мектеп оқушысының сыныпта қолайлы жағдай мен оқу материалында жеңіл қарқын мен өрлеу талабын белгілі бір дәрежеде қанағаттандыруы мүмкін. Орта және жоғары сыныптардың оқушылары, сондай-ақ олардың оқытушысы үшін бұл жеткілікті емес [16].

Өткен ғасырдың 50- жылдарының ақыры, 60- жылдарының басында оқытуды дифференциациялау және оның ішінде оқытушыларға жеке қатынас іске асырылатын параметрлер системасын істеп шығу мәселесі туды. Н.А. Менчинскаяның ғылыми мектебінде балалардың оқу істерінің педагогикалық және психологиялық көрсеткіштері айырып көрсетілді. Педагогикалық көрсеткіштерге материалды меңгеру қарқыны, оқулық тапсырмаларды орындау табыстылығы, бұл тапсырмалардағы қателердің түрлері мен саны, қателердің қайталануы сияқты көрсеткіштер кірді. Ой қызметінің ойлау орамдылығы мен ебдейсіздігі, меңгерілген білімдерді көшіру кеңдігі мен тарлығы, оқушылардың жаңа мәселені шешу тәсілінің нәтижелілігі мен өнімсіздігі, ақыл қызметіндегі анализ бен синтез операцияларының арақатысы және т. б. сияқты өзгешеліктері психологиялық көрсеткіштерге қосылды. Психологиялық көрсеткіштер әр түрлі балаларды оқытудың процессуалдық өзгешеліктерін анықтайды және олардың кей біреулерінің жұмыстарын түзету және басқаларын қолдау үшін негіз береді. Бірақ топтар жұмысын бұл параметрлер жинағы негізінде құру қатал эксперименталдық тексерілмеді.

Е. А. Певцова, И. Унт және басқалар оқытуды дифференциациялауды оқушылардың қабілеттіктерін, қызығушылықтарын дамытуға, олардың шығармалық мүмкіндіктерін анықтауға бағдарланған процес деп қарайды. Сонымен бірге оқу жобалары, ғылыми білімдердің және адам қызметінің әр түрлі бағдарлары бойынша бағдарламалар бөлінеді. И. М. Чередов оқытуды дифференциациялауда оқу процесін жаппай, топтық және жеке ұйымдастыруды оптимал үйлестіру ұсылын көреді. Көп ғылыми еңбектерде

(М. Д. Виноградов, В. А. Кольцов, Х. Й. Лийметс, А. В. Мудрик, Г. И. Щукин және басқалардың) дифференциация оқушылардың таным белсенділігін дамытудың маңызды факторы деп қаралады [14].

Ю. И. Дик, В. М. Монахов, А. А. Кузнецов, М. В. Рыжаков, С. А. Бешенков, Г. В. Дорофеев, Н. Н. Петрова, В. В. Фирсов, В. А. Орлов, С. Б. Суворова, Л. В. Кузнецова және басқалардың еңбектерінде дифференциация мәселесі методикалық аспектке қаралады. Бұл зерттеулерде оқытуды дифференциациялау оқытуды әр бір оқушы кейбір жалпы маңызды болған және ұдайы өзгеріп тұратын тұрмыс шарттарында бейімделу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жалпы білімдік дайындықтар минимумын менгеріп алып, өз бейімділіктеріне ең үлкен дәрежеде жауап беретін бағдарларға айрықша көңіл аудару құқығы мен кепілді мүмкіндігін алатындай қылып ұйымдастыру және оқыту методикасы деп қаралады [15].

Оқытуды дифференциациялау концепциясы дифференциация білім беру системасын демократияландыру және ізгілендіруді анықтаушы фактор болуын негіз қылып алады. Бұл жұмыста оқытуды дифференциациялаудың мына үш позиция мен анықталатын негізгі мақсаттары қисындап мазмұндалады;

Психологиялық- педагогикалық көзқарастан дифференциацияның мақсаты- әр бір оқушының қабілеттерін анықтау, қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін дамыту үшін оптимал шарттар жаратуға негізделген оқытуды даралау.

Даралау мақсаттары:

- оқытудың барлық оқушылар үшін жалпы, бірдей мақсаттарын жүзеге асыру үшін оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу;
- тұлғаны мақсатында индивидуалдықты тәрбиелеу.

Оқушыларға таңдау мүмкіндігін беру екінші мақсатқа ерісу үшін маңызды құрал болады.

Әлеуметтік көзқарастан дифференциацияның мақсаты- қоғамның қазіргі даму басқышында қоғамның әр бір мүшесінің мүмкіндіктерін оның социум мен арақатынастарында ең толық және рационал пайдалануға ұмтылуы мен пайда болатын шығармашылық, интеллектік және кәсіптік әлеуетін қалыптастыруға мақсатты ықпал жасау [20].

Дидактикалық көз қарастан дифференциацияның мақсаты- оқушыларды оқытудың принципті өзге уәждемелік негізге негізделген жана методикалық системасын құру жолы мен мектептің мерзімі жеткен мәселелерін шешу.

Қазіргі уақытта оқытуды дифференциациялау, бірінші кезекте, бейінді оқытуды жүзеге асыру (А. В. Баранников, А. А. Кузнецов, О. Б. Логинова, А. А. Пинский, М. В. Рыжаков және басқалар), «жеке білім беру маршрутын» құру (А. Г. Каспаржак, К. Н. Поливанова, Е. Л. Рачевский, А. В. Хуторской, И. Д. Фрумин және басқалар) құралы деп қаралады

Психологиялық- педагогикалық, дидактикалық және методикалық әдебиетте оқыту мазмұнын дифференциациялау екі негізгі түрге бөлінеді:

- дәрежелі;
- бейінді.

Қазіргі заманда информация көлемінің екпінді өсуі, адам қызмет өрісінің ұдайы кеңеюі нәтижесінде оны әр бір адамның толық меңгеруі мүмкін емес, Бұл оны белгілі бір тарауда мамандандыру және сондықтан енді жалпы білім беру дәрежесінде де дайындығын мамандандыру қажеттігіне алып келеді. Білім беру мазмұнын бейнелі дифференциациялау бұл мәселені жүзеге асыруға қаратылған [20].

Қазіргі заман педагогикасында оқыту мазмұнын бейнелі дифференциациялаудың мақсаты «оқытушыларды таңдап алынған бағытта максимал дамыту мақсатында білімлендіруді олардың бекем

қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қабілеттіліктерін бағдарлап мамандандырумен» анықталады [5].

Білім беру мазмұнын бейнелі дифференциациялау оқушының жеке басының индивидуалдығын, шығармашылық қабілеттіліктер мен бейімділіктерін максимал ашу, оларды таңдап алған тарауында, болжалды кәсіптік қызметінде білімдендіруді дауам етуге эффектив және мақсатты дайындау мүмкіндіктері мен байланыстырылады.

Бейнелі дифференциация оқушылардың оқыту мазмұнын, таным талаптарын, қабілеттіліктерін, сондай-ақ, білімдері мен ептіліктері және кәсіптік мақсаттары негізінде қол жеткізген дәрежесін мамандандыру бағытын саналы, ерікті таңдап алуын назарда ұстайды. Ол оқушылардың дара топтарына индивидуал қатысты жүзеге асыру мен тығыз байланысқан. Сондықтан оқыту мазмұнын дифференциациялау мәселесін шешу жеке адамға бағдарланған оқыту моделін жүзеге асыруда үлкен роль ойнайды.

Қазіргі уақытта бір қатар психологиялық-педагогикалық, дидактикалық және методикалық зерттеулерде жетілдіріліп жатырған жеке адамға бағдарланған оқыту моделі оқушылардың ақыл қабілеттіліктерін олардың таным қызметтері мен ойлауының индивидуал ерекшеліктерін максимал есепке алу және пайдалану негізінде дамытуға бағдарланған. Бұның үшін мыналардан пайдалану мүмкін:

- мәмлекеттік стандартта көрсетілген міндетті дәрежеден төмен болмаған сәйкес дәрежедегі оқыту мазмұнын таңдап алу;
- дифференциация мен интеграцияны, оқушылардың қабілеттіліктерін, уәждемесін, зейіндерін максимал дамытатын оқу қызметінің структурасын жете зерттеуді негіздеп үйлестіру; жеке адамның барлық сфераларына: когнитивтік, еріктік, әлеуметтік-психологиялық, қызметтік-практикалық, әсер тигізілетінін есепке алып оқушыларға әр түрлі-коммуникативтік, когнитивтік, еңбекті, эстетикалық және т. б. қызмет тәжірибесін беру;

- әлеуметтік ортада қолайлы жағдайлар тудыру. Солай етіп, жеке адамды дамыту оқушының белсенділігін, оның дербестігін, жігерлілігін жүзеге шығаруда іске асырылады.

Ұйымдастыру аспектінде бейнелі дифференциация оқушыларды оқу процесі мазмұны, оқушылар дәрежесіне қойылатын талаптар мен өзгешеленетін білімлендіру бағдарламалары бойынша орындалатын тұрақты топтарға біріктіруді талап етеді.

Психологиялық- педагогикалық зерттеулер мен білім беру мазмұнын бейнелі дифференциациялауды жүзеге асырудың бар тәжірибесі бейнелі оқыту үшін ең оптимал жас, егер оқушылардың жас бойынша ерекшеліктері есепке алынса, 15 жас, яғни баланың бекем таным қызығушылықтары, кәсіптік мақсаттары және т. б. қалыптасып бастайтын жасы, екенін көрсетеді. Білім беру мазмұнын бейнелі дифференциациялаудың ең маңызды бағыты негіздері мектеп білімдендіруінде көрсетілген ғылыми пәндерді үйрену сабақтары, басқаша айтқанда, «пәндік» дифференциация жолы болады.

Білім беру мазмұнын пән тараулары бойынша бейнелі дифференциациялау қазіргі уақытта еліміздің әр түрлі региондары мектептерінің тәжірибесінде өте кең таралып жатыр.

Сонымен бірге білім беру мазмұнын бейнелі дифференциациялаудың басқа жолдары да, соның ішінде, жобаланатын мамандық жолы, ұсынылып жатыр. Бұл ұсылда оқушылар белгілі бір қызмет түріне қызығушылықтары, бейімділіктері бойынша біріктіріледі.

Оқушылардың оқуға қызығушылықтары мен олардың кәсіптік мақсаттары арасында арақатынастылық барлығы психологтар мен социологтардың зерттеулерінде анықталған. Мысалы, И. С. Кон психологияда мамандықты алдын- ала тандап алу басқышы деп аталатын кәсіптік өз тағдырын өзі шешу басқышында «әр түрлі қызмет түрлері сұрыпталады және алғаш баланың қызығушылықтары көзқарасынан, кейін

оның қабілеттіліктері көзқарасынан, акырында оның байлықтар системасы көзқарасынан бағаланады», - деп көрсетеді [7].

Оқушылардың қабілеттіліктерін дамытудың ең маңызды факторы- олардың бекем арнаулы қызығушылықтарын қалыптастыру. Бұлар адам қызметінің белгілі бір тарауына қызығушылықтар болып, кейін бұл қызмет түрі мен кәсіби шұғылдануға ұмтылуға өсіп жетіліседі. Осыған ұқсас белгілі бір оқу ісіне қызығушылықтың, уәждеудің пайда болуы оған белгілі бір қабілеттіліктердің оянуы мен тығыз байланысқан және олардың дамуына бастамашылық етеді.

Мектепте білім беру мазмұнын бейнелі дифференциациялаудың психологиялық- педагогикалық және дидактикалық негіздерін, сондай- ақ, дифференциациялау тәжірибесін талдау білім беру мазмұнын бейнелі дифференциациялау білім беру сапасын арттырудың, оқушылардың қабілеттіліктерін, бейімділіктерін, қызығушылықтарын дамытудың; олардың таным қызметінің жеделдігін арттырудың эффектив құралы болатынын көрсетеді; бір қатар пәндерді бейнелі, терең үйрену бастауыш мектеп бітірушілерін білім алуды табысты дауам етуге қажет дайындық пен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ал бұндай дайындықтың өзі қазіргі уақытта бастауыш мектептің негізгі міндеттерінің біреуі деп қаралады; білім беру мазмұнын бейнелі дифференциациялау бастауыш мектеп оқушылары үшін өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру, өз таным қабілеттіліктерін, кәсіби мақсаттарын шынайы бағалау, келешекте білім алу және кәсіби өз тағдырын өзі шешу жолдарын белгілеу құралы болады; білімнің негізгі пән тараулары мен оқушылардың кәсіби мақсаттары білім беру мазмұнын бейнелі дифференциациялау негіздері болады.

II ТАРАУ. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКА БОЙЫНША ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛАНҒАН ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕТОДИКАСЫ

§ 1. Бастауыш мектепте сабақтарда дифференциацияланған оқытуды жүзеге асыру бойынша істерді ұйымдастыру

Оқытушының сыныпта сынып ішіндегі дифференциацияны ұйымдастыру процесі бір неше басқышты өз ішіне алады:

1. Диагностика өткізу.
2. Диагностикуаны есепке алып топтар бойынша бөлу.
3. Дифференциация ұсылдарын анықтау, дифференциацияланған тапсырмаларды әзірлеу.
4. Сабақтың әр түрлі басқыштарында оқытудың дифференциация ұсылынан пайдалану.
5. Нәтижелерді диагностикалық тексеру.

Олардың кей біреулерін қараймыз.

Топтарға бұндай бөлудің өз плюстары мен минустары бар.

Бұл бөлудің ұнамды аспектілері:

- Балаларды қоғам үшін ақталмаған және мақсатқа сай емес «теңгеру» мен «орташалауға» жол қоймау;
- Оқытушыда төмен үлгеруші оқушыларға жәрдем беру, күшті оқитындарына көңіл бөлу мүмкіндігінің пайда болуы;
- Сыныпта артта қалған оқушылардың жоқтығы жалпы оқыту деңгейін төмендетуді қажет етпейді;
- Мына концепция дәрежесін көтеру: күшті оқушыларда өз қабілеттіліктеріне сенім пайда болады, төмен үлгеруші оқушылар оқуда табыстарға ерісу, олқылық комплексінен құтылу мүмкіндігін алады;
- Күшті топтарда оқытуды уәждеу дәрежесін көтеру;
- Бірдей балалар жиналған топтарда балаға оқу оңай;

Топтар	Топ ерекшеліктері	Тапсырмалар
Визуал	Сабырлы, тілалғыш, жақсы оқиды, конструктор, компьютерді жақсы көреді; жануарларға селқос; ойын- сауықтар күшті әсер қалдырады, бірақ олар туралы кем әңгімелейді; есенгіруге ұшырағанда өзімен өзі болып көпке қосылмай қалады.	- Тапсырмалар жазба түрде беріледі; - Карточкалар айқын, әдемі жазылады; - Тапсырмалар: оқулықта өзбетінше бірдемелерді табу, қарап шығу, қорытынды жасау.
Аудиал	Көп сөйлейді; адамдар мен оңай араласады; біреудің оқығанын немесе әңгімесін естуді жақсы көреді; әріптердің жазылуын қиналып жаттап қалады; көркем ойын- сауықтарды жақтырмайды; есенгіруге ұшырағанда айқайға басады; алаңсыз ойлап білмейді; ойлап табуға икемді.	- Математикалық диктант уақытында оқушы тахтаға шақырылады; - Оқытушыға немесе ата- анасына тапсырманы дауыстап оқып береді; - Тапсырмалар: бірдемені ойдан шығару, сыныпқа әңгімелеп беру, достына бірдемені түсіндіру.
Кинестетик	Өте ширақ; өте дербес	Фишкалардың

	және талантты; барлық нәрсені ұстап көргісі келеді; жануарларды өте жақсы көреді; талғамы өте жақсы дамыған.	орындарын ауыстырып қоюға, сурет салуға, модельдер құрастуруға, заттарды қайтадан санауға тапсырмалар беріледі
--	--	--

- Оқушылардың дербестігін дамыту құралы болады.

Бұл бөлудің ұнамсыз аспектілері:

- балаларды даму дәрежесі бойынша бөлу адамгершілікке жатпайды;
- әлеуметтік- экономикалық теңсіздіктердің бетін ашып беру;
- төмен үлгеруші оқушыларды күштіректері мен теңдесуге талпыну, олардан жәрдем алу, олар мен жарысу мүмкіндігінен айыру;
- «нашар» топқа ауыстыруды балалар өздерінің абыройын түсіру деп қабылдайды;
- диагностиканың жетілмегендігі кейде «бірегей» балалардың «нашарлар» разрядына өтуіне алып келеді.

Барлық адамдар 3 топқа: визуалдар, аудиалдар мен кинестетиктерге, бөлінетінін және әр бір топтың ерекшеліктерін есепке алып, балаларға тапсырмалар беру мүмкін.

1- топ	2- топ	3- топ	4- топ
Білімдерді менгеру, ептілік дәрежесі өте төмен оқушылар: мәселелерді шешкенде амалдарды таңдап алуды қате орындайды; есептеу дағдыларының қалыптасу дәрежесі төмен; өзі үйренген мәселелер арасындағы арабайланыста рды айырып көрсетпейді; ойлау операцияларын орындау дәрежесі	Білімдерді менгеру, ептілік дәрежесі өте төмен оқушылар: мәселелерді шешкенде амалдарды дұрыс таңдап алуға қиналады; есептеу дағдыларының қалыптасу дәрежесі орташа; өзи үйренген мәселелер арасындағы арабайланыстар -ды айыруға киналады; ойлау операцияларын орындау дәрежесі төмен; тек мәселелердің	Білімдерді менгеру, ептілік дәрежесі орташа оқушылар: үйреншікті көріністегі мәселелерді шешкенде амалдарды таңдауды дұрыс орындайды, бірақ мәселе үстіндегі жұмыстардың шығармашылық түрлерінде қиналады; есептеу дағдылары жақсы қалыптасқан; ойлау операцияларын орындау дәрежесі орташа; жад көрсеткіштері жақсы; бақтау зеректігі дамыған; математика тілі дамыған; тек	Білімдерді менгеру, ептілік дәрежесі жоғары оқушылар: мәселелерді шешкенде амалдарды таңдауды дұрыс орындайды; мәселе үстіндегі жұмыстардың шығармашылық түрлерін табысты орындайды; есептеу дағдыларының қалыптасу дәрежесі жоғары; ойлау операцияларын орындау дәрежесі жоғары; жад көрсеткіштері жоғары; математикалық тіліуің даму дәрежесі жоғары

төмен; жад көрсеткіштері төмен және пәнге көзқарасы болымсыз; математикалық пікір жүргізіп білмейді; математикалық тілі дамымаған.	қойылуында ғана математикалық пікір жүргізеді; математикалық тілі айтарлықтай дамымаған.	элементар ұғымдарды ғана жалпылауды орындайды.	.
Тапсырмалардың түрлері			
Оқулық информациядан пайдаланатын	Оқулық информациядан пайдаланатын	Оқушының оқулық материал мен жұмысын бағдарлайтын	Оқушылардан шығармашылық қызмет талап ететін
1. Математикалық объекттерді тануға тапсырма	1. Жоспары бойынша математикалық объекттерді сипаттауға тапсырма	1. Математикалық объекттерді салыстыруға тапсырма	1. Объекттер, белгілер арасында байланыстар орнатуға тапсырмалар
2. Ұғым белгілерін талдауды талап ететін	2. Мәлімет үшін сөздерден пайдаланып аяқталмаған	2. Ұқсас математикалық объекттерді салыстыруға	2. Мысалдарды өзбетінше таңдап алуға тапсырмалар

тапсырмалар	сөйлемдерді толықтыруға тапсырмалар	тапсырмалар	
3. Объекттерді сыныптауға тапсырмалар	3. Объекттерді сыныптауға тапсырмалар	3. Оқулықта дайын жауабы жоқ, өзбетінше ойлау операцияларын талап ететін мәселелер кіретін тапсырмалар	3. Шығармашылық характеріндегі тапсырмалар
Өз бетінше жұмыс			
Үлгі бойынша қайта жаңғырту	Реконструктивт ік-вариативтік	Ішінара іздеу	Ішінара іздеу, шығармашылық

Солай етіп, дифференциацияланған оқыту принципін іске асыру қажеттілігі белгілі бір сыныптың барлық оқушылары үшін жалпы мақсаттар, оқыту мазмұны мен әр бір баланың жеке мүмкіндіктері арасындағы; оқу процесінің ұжымдық формасы мен оқулық материалды меңгерудің және балалардың дамуының индивидуал характері арасындағы объектив бар қайшылықтар мен байланысқан. Оқу процесіндегі дифференциация ұсылы әр бір оқушыға, оның міндетті оқулық бағдарламалар бойынша сынып-сабақтық оқыту системасы шарттарындағы шығармашылық индивидуалдығына ықпалды көңіл аударуды білдіреді, оқыту сапасын арттыру және әр бір оқушының дамуы үшін жаппай топтық және жеке сабақтарды орынды байланыстыруды талап етеді.

§ 2. Оқытуды дифференциациялау бастауыш мектеп оқушыларының оқу істерінің эффективтігін арттыру құралы ретінде

Орта жалпы білім беру мектебінің бас мақсаты- баланың ақылының, адамгершілігінің, эмоциялық және табиғи дамуына жәрдем беру, оның шығармашылық мүмкіндіктерін барынша ашып беру, жалпы адамдық құндылықтарға негізделген дүниеге көзқарасты, гуманистік қарым-қатынасты қалыптастыру, баланың жас бойынша ерекшеліктерін еске алып оның индивидуалдығының өркіндеуі үшін әр түрлі жағдайларды қамтамасыз ету- бұл жеке адамға бағдарланған білім беру. Әр бір оқыту өз мазмұны бойынша жеке адамды дамыту үшін жағдайлар тудыру. Жеке тұлға- адамның әр түрлі жалпыланған қасиеттер жүйесінде байқалатын психикалық, рухани мәні. Жеке адамға бағдарланған оқыту адамның мәдениет пен өмірде өз тағдырын өзі шешу ұсылы ретінде оқушыға, оның жеке өзгешеліктеріне, мәдениетіне, шығармашылығына бағытталған.

«Білім беруді дифференциациялау» термині факультативтерде жүзеге асырылатын оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бөлуді білдіреді. Дифференциацияланған білім беру процесі принципі оқушылардың жеке дамуын жүзеге асыруға жәрдем береді және жалпы орта білім беру мәндері мен мақсаттарын қолдайды [16].

Қазіргі заман орта білім беру концепциясы оқушының жеке тұлғасын оқу қызметін қалыптастыру негізінде тәрбиелеу мен дамыту мақсаттарының басымдылығына сүйенеді. Әр бір оқушы толық өзін көрсетуі, оқуды қалайтын және оқу қолынан келетін шын оқыту субъектіне айлануы үшін жағдайлар тудыру өте маңызды. Оқыту «оқушылардың жеке ерекшеліктеріне вариативтік» болуы керек. Балаларға жеке қатынасты іске асыру құралдарының біреуі оқытуды дифференциациялау болады.

Оқушыларға тән жеке өзгешеліктерді есепке алу характерлі болған оқу-тәрбиелеу процесі дифференциацияланған деп есептеледі [9].

Сыныптарда дифференциацияланған оқытуды ұйымдастыру үшін топтық формадан пайдалану мүмкін. Балалар топтарға жаттыққандық дәрежесі, сондай-ақ, жеке өзгешеліктері, қабілеттіліктері, қызығушылықтары негізінде бөлінеді.

Бірінші топ оқу мүмкіндіктері дәрежесі мен үлгеру көрсеткіштері жоғары оқушылардан толымдалады, соныңмен бірге бұл топқа оқу мүмкіндіктері орташа және таным қызығушылықтары дәрежесі жоғары оқушылар да қосылады. Бұл топ үшін психологиялық міндеттерді күшейтудің табиғи өте шапшаң процесіне кедергі болмайтын сәйкес қарқын мен ұйымдастыру ең басты мәселе. Оқушылардың дербестігіне бағдарлану маңызды бір жағдай болады. Ең дарынды балалар үшін жеке тапсырмалар мен жаттығулар дайындалады.

Екінші топ пән бойынша үлгеру көрсеткіштері орташа оқушылардан толымдалады. Бұл топ үшін оқытушының оқушылардың ерікті ішкі уәждеуін қалыптастыру, мектеп мүддесін тұрақтандыру және интеллектуалдық еңбекке жеке бағыттау бойынша қызметі өте маңызды.

Үшінші топ таным қабілеттіліктері, таным қызығушылықтарының қалыптасу дәрежесі, пәндер бойынша үлгерім көрсеткіштері төмен оқушылардан құралады. Бұл топ оқушылары мен жұмыс ең көп күш салуды талап етеді. Бұл топ оқушыларының жеке ерекшеліктерінің алалығы оқытуда дифференциация мен жеке ұсылдарды топ ішінде жүзеге асыруды талап етеді.

Топтық дифференциацияны орындағанда оқытушы мына талаптарды басшылыққа алады: оқушылар үшін қолайлы атмосфера тудыру, себебі оқу процесі уәждеделген болуы және бала өз жеке мүмкіндіктері және ерекшеліктеріне сай оқуы үшін ол өзінен не күтілетінін анық көз алдына келтіруі және түсінуі керек.

Бастауыш сынып оқушылары мен жұмыс істегенде екі негізгі дифференциация критерийсінен пайдаланған жөн: «жаттыққандығы» және

«жаттыққыштығы». Психологтардың пікірі бойынша жаттыққандық-бұрынғы оқытудың белгілі бір қорытындысы, яғни баланың психологиялық дамуының бүгінгі күні қалыптасқан характеристикалары. Баланың білімдерді игерудегі еріскен дәрежесі, білімдері мен дағдыларының сапасы, оларды алу ұсылдары мен әдістері жаттыққандық көрсеткіштері болуы мүмкін.

Жаттыққыштық- оқушының жаңа білімдер мен оларды алу ұсылдарын игеруге, ақылының дамуының жаңа дәрежесіне өтуге дайындығы. Жоғары дәреженің маңызды көрсеткіштері- басқа адамның жәрдемін қабылдағыштығы, өз бетінше білім алуға икемділігі, жұмысқа қабілеттілігі және т. б.

Дифференциацияланған оқыту өз структурасы бойынша көп қырлы, соның үшін өз сабақтарында дифференциация элементтерін қосқанда оқытушы негізінен бір мақсатты- өз бетінше жұмысты орындағанда әр бір оқушының бірдей ілгерілеу қарқынын қамтамасыз ету- көздейді, яғни оқытушы әр бір оқушы өз шығармашылық күштерінен толық пайдалануына, өзіне сенушілік сезінуіне, еңбектен қуанышқа бөленуіне, бағдарламалық материалды бекем және саналы меңгеруіне сүйенеді.

Математика сабақтарында зерттелген материалды бекіту басқышында пайдалану мүмкін болған әр түрлі дифференциация ұсылдарын қараймыз. Олар оқулық тапсырмалардың мазмұнын шығармашылық, қиындық дәрежесі, көлемі бойынша дифференциациялауды талап етеді [2].

Балалардың істерін ұйымдастырудың әр түрлі ұсылдары мен бірдей тапсырмалардан пайдаланып, оқытушы

- а) оқушылардың дербестік дәрежесі;
- б) оқушыларға жәрдем беру характері;
- с) оқу істерінің формасы

бойынша дифференциация өткереді.

Дифференциациялау ұсылдары бір- бірі мен бірігуі, ал тапсырмалар оқушыларға таңдауы бойынша берілуі мүмкін.

1. *Оқулық тапсырмаларды шығармашылық дәрежесі бойынша дифференциациялау.* Бұндай ұсыл оқушылардың репродуктив немесе өнімді (шығармашылық) болуы мүмкін болған таным қызметі характеріндегі өзгешеліктерді керек етеді.

Репродуктив тапсырмаларға, мысалы, жақсы зерттелген тақырыптардың сұрақтары кіреді. Бұнда оқушылардан білімдерін еске түсіру және олардан үйреншікті ситуацияларда пайдалану, үлгі бойынша жұмыс істеу, машықтану жаттығуларын орындау талап етіледі.

Өнімді тапсырмаларға стандарт жаттығулардан ерекше жаттығулар кіреді. Оқушылар білімдерінен өзгертілген немесе жаңа, таныс емес ситуацияда пайдалануы, күрделірек болған ой қызметтерін (мысалы, мәселелерді шешу, тестер түзу) орындауы керек болады. Өнімді тапсырмалар үстінде жұмыс істеу процесінде оқушылар шығармашылық қызмет тәжірибесіне ие болады.

Дифференциацияланған жұмыс әр түрлі ұйымдастырылады. Көбіне үлгеру дәрежесі төмен (1- топ) оқушыларына репродуктив тапсырмалар, ал үлгеру дәрежесі орташа (2- топ) және жоғары (3- топ) оқушыларға өнімді (шығармашылық) тапсырмалар беріледі. Өнімді тапсырмаларды барлық оқушыларға беруге де болады. Бірақ бұл жағдайда үлгеру дәрежесі төмен оқушыларға білімдерін өзгерген ситуациядан қолдану керек болған шығармашылық элементтері бар тапсырмалар, ал қалғандарына- білімдерінен жаңа ситуацияда пайдалануға шығармашылық тапсырмалар беріледі.

2. *Оқулық тапсырмаларды қиындығы бройынша дифференциациялау.* Бұндай дифференциациялау ұсылы өте жақсы дайындалған оқушылар үшін тапсырмаларды қиындастырудың мына түрлерін талап етеді:

- математикалық материалды қиындастыру (мысалы, 1- және 2- топтар үшін тапсырмаларда қос таңбалы, ал 3- топ үшін- бір таңбалы сандар қолданылады);

- өрнектердеге немесе мәселелер шешкендегі амалдар санын арттыру (мысалы, 2- және 3- топтарда 3 амалды мәселе, ал 1- топта 4 амалды мәселе беріледі);
- негізгі тапсырмаға қосымша салыстыру операциясын орындау (мысалы, 1- топқа мына тапсырма беріледі: өрнектерді мәндерінің артуы тәртібінде жазыңдар және есептеңдер);
- тура тапсырманың орнына керісінен пайдалану (мысалы, 2- және 3- топтарға ірі өлшемдерді майдалары мен, ал 1- топқа майда өлшемдерді ірілері мен ауыстыруға тапсырма беріледі).

3. *Тапсырмаларды оқулық материал көлемі бойынша дифференциациялау.* Бұндай дифференциациялау ұсылы 1- және 2- топ оқушылары негізгі тапсырмадан басқа негізгі тапсырмаға ұқсас, оның мен бір тектес қосымша тапсырма орындауын талап етеді.

Тапсырмаларды көлемі бойынша дифференциациялау қажеттігіне оқушылардың жұмыс істеу қарқынының әр түрлі болуы себепші болады. Болбыр балалар, сондай- ақ, жаттанғыштық дәрежесі төмен оқушылар әдетте өз бетінше жұмысты сыныпта жаппай тексеру кезеңіне орындап үлгермейді, оларға бұның үшін қосымша уақыт керек болады. Қалған балалар бұл уақытты барлық оқушылар үшін міндетті болмаған қосымша тапсырманы орындауға жұмсайды.

Әдетте, көлемі бойынша дифференциациялау басқа дифференциациялау ұсылдары мен бірге үйлестіріліп орындалады. Қосымша тапсырмалар ретінде шығармашылық, немесе қиындау тапсырмалар, сондай- ақ, мазмұны бойынша негізгі тапсырма мен байланысы жоқ, мысалы, бағдарламаның басқа тарауларынан, тапсырмалар беріледі. Тапқырлыққа тапсырмалар, стандарт емес мәселелер, ойын характеріндегі жаттығулар қосымша тапсырмаға берілуі мүмкін. Оқушыларға карточкалар, перфокарталар түріндегі тапсырмалар беріп, баламалы (альтернативті)

оқулықтардан немесе баспа негізіндегі дәптерлерден жаттығуларды таңдап алып оларды индивидуалдастыру мүмкін.

4. *Тапсырмаларды оқушылардың дербестік дәрежесі бойынша дифференциациялау.* Бұндай дифференциациялау ұсылында әр түрлі оқушылар топтары үшін оқулық тапсырмалардың әр түрлі болуы талап етілмейді. Барлық балалар бірдей жаттығулар орындайды, бірақ біреулері мұны оқытушы басшылығында, ал басқалары өз бетінше істейді.

Күнделікті жұмысын оқытушы мынадай кылып ұйымдастырады. Бағдарлау басқышында оқушылар тапсырма мен танысады, оның мағынасы мен рәсімдеу ережесін анықтайды. Бұдан кейін кейбір балалар (көбіне бұл 1-топ) тапсырманы өз бетінше орындауға кіріседі. Қалғандары оқытушының жәрдемі мен шешу ұсылына немесе ұсынылған үлгіге талдау жасайды, жаттығудың бір бөлегін жаппай орындайды. Әдетте, осының өзі балалардың тағы бір бөлегі (2- топ) өз бетіншен жұмыс істеп бастауы үшін жеткілікті болады. Жұмыс істегенде қиындық көретін оқушылар (әдетте бұлар 3- топ балалары, яғни үлгерім дәрежесі төмен оқушылар) барлық тапсырмаларды оқытушының басшылығында орындайды. Тексеру басқышы жаппай орындалады.

Солай етіп, оқушылардың дербестік дәрежесі әр түрлі. 1- топ үшін өз бетінше жұмыс, ал 2- топ үшін жарым өз бетінше жұмыс, 3- топ үшін оқытушының басшылығында жаппай жұмыс істеу назарда ұсталады. Қайсы басқышта тапсырманы өз бетінше орындауға кірісу керектігін оқушылардың өздері анықтайды. Қажет болса олар кез келген уақытта оқытушының басшылығындағы жұмысқа қайтуы мүмкін.

5. *Жұмысты оқушыларға жәрдем беру характері бойынша дифференциациялау.* Бұндай ұсылдың дербестік дәрежесі бойынша дифференциациялаудан айырмасы оқытушының басшылығында жаппай жұмысты ұйымдастыруды талап етпейді. Барлық оқушылар бірден өз бетінше жұмысқа кіріседі. Бірақ тапсырманы орындағанда қиындық көретін

балаларға мөлшерленген жәрдем көрсетіледі. Ең кең таралған жәрдем түрлері: а) жәрдемші тапсырмалар, дайындалған жаттығулар түріндегі жәрдем; б) «ойға салу» түріндегі жәрдем (карточка- жәрдемші, карточка-консультация, тақтадағы жазулар).

Бұл жағдайда ынталандырушы, бағыттаушы жәрдемнен пайдалануды ұсынатын И. И. Аргинскаяның тәжірибесінен пайдаланамыз.

Карточка- жәрдемшілер мен жұмыс істеу өзгешеліктері туралы айтамыз. 1- топ оқушылары (үлгерім дәрежесі жоғары) үшін тапсырманы өз бетінше орындау ұсыныс етіледі, ал 2- және 3- топ оқушыларына әр түрлі дәрежедегі жәрдем көрсетіледі. Карточка- жәрдемшілер не топтағы барлық оқушылар үшін бірдей, не жеке тандап алынады. Оқушы бір тапсырманы орындағанда жәрдем көрсету дәрежесі артып баратын бірнеше карточка алуы, бір карточка мен жұмыс істеуі де мүмкін. Сабақтан сабаққа оқушыға жәрдем көрсету дәрежесі төмендеп баратынын есепке алу өте маңызды. Нәтижеде ол тапсырманы еш бір жәрдемсіз өз бетінше орындауға үйренуі керек.

Карточкаларда жәрдемнің әр алуан түрлері пайдалануы мүмкін:

- тапсырманы орындау үлгісі: шешу ұсылын, пікір жүргізу үлгісін (мысалы, мәселенің (мысалдың) шешілуін толық жазу түріндегі) және рәсімдеу үлгісін көрсету;
- анықтама материалдар: ереже, формула, ұзындық, масса және т. б. бірліктер кестесі ретіндегі теориялық мәлімет;
- көрнекті тіректер, суреттер, модельдер (мысалы, мәселенің қысқа жазылуы, графикалық схема, кесте және т. б.);
- тапсырманы қосымша айқындау (мысалы, мәселедегі кейбір сөздерді түсіндіру, мәселені шешу үшін маңызды кейбір майда- шүйделерін көрсету);
- тапсырманы орындау бойынша қосымша жетелеуші сұрақтар, тура немесе жанама нұсқаулар;
- шешудің бастамасы немесе ішінара орындалған шешім.

Оқушылар бір тапсырманы орындағанда әр түрлі жәрдемдер жиі бір-бірі мен үйлестіріп біріктіріледі.

Мөлшерленген, бірте- бірте артып баратын жәрдемнен пайдаланып артық деректі мәселе үстінде өз бетінше жұмыс істеу мысалын келтіреміз. Бұл тапсырмаларды дифференциациялаудың әр түрлі характері мен мақсаттары оқытушыға сабақ барысында оқу істерін осындай ұйымдастырудан көп рет пайдалануға, оқушылардың жедел ақыл қызметі үшін қолайлы жағдайлар тудыруға мүмкіндік береді.

Новатор- оқытушылардың жұмыс тәжірибесін зерттеп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу үшін бастауыш сыныптар үшін математика бойынша қазіргі заман бағдарламалары мен ОМК үлкен мүмкіндіктер береді деп ойлаймыз. Бағдарлама әр түрлі дәрежелі, онда әр бір оқу жылы бойынша оқушылардың математикалық дайындығына қойылатын талаптар дифференциацияланады. Математика оқулықтарының материалдары оқытушыға әр түрлі дифференциациялау ұсылдарынан пайдалануға мүмкіндік береді. Оқулықтардағы қиындық дәрежесі әр түрлі тапсырмалардың номерлері әр түрлі рең мен белгіленген, кейбір жаттығуларға карточка- жәрдемшілер беріледі. Оқытушылар өз жұмысында дифференциацияланған тапсырмалар үшін баспа негізіндегі дәптерлерден пайдаланады.

Сынып ішіндегі дифференциацияны ұйымдастыру бір неше басқыштардан түзіледі:

1. Топтар түзілетін критерийлерді анықтау.
2. Таңдап алынған критерийлер негізінде диагностика өткізу (әр түрлі дәрежедегі тексеру жұмыстары ең толық диагностика береді).
3. Оқушыларды диагностикаға сәйкес топтарға бөлу.
4. Дифференциация ұсылдарын анықтау, дифференциацияланған тапсырмаларды дайындау.

5. Сабақтың әр түрлі басқыштарында дифференциациялау ұсылынан пайдалану.

6. Нәтижелерді диагностикалық тексеру, бұл нәтижелерге сәйкес топар құрамы және дифференциацияланған тапсырмалар характері өзгеруі мүмкін.

Оқытушы сабақ түрін, оның мақсаттары мен мазмұнын есепке алып сабақта дифференциациялау жұмысы керек, керек еместігін анықтайды.

Дифференциациялау бұрын зерттелген материалды бекіту және қайталау сабақтарында жаңа материал мен таныстыру сабақтарына карағанда анағұрлым жиі қолданылады.

Балаларға жеке қатынас құралдарының біреуі дифференциацияланған оқыту, яғни оқушылардың өздеріне тән жеке ерекшеліктерін есепке алу, болады. Егер оқытушы оқыту процесінде оқушылардың жеке- типологиялық ерекшеліктерін біліп, оқыту формалары мен ұсылдарын әдісін біліп тандап алатын болса, оқушы сабақта өзінің мүмкіндіктеріне, бейімділіктеріне, қызығушылықтарына қайшы келмейтін даму алып, өзін жайлы сезінетін болады.

Дифференциацияланған оқытудың ұнамды жақтары:

- күшті оқушыларға уақыт бөлу мүмкін;
- төмен үлгеретін оқушыларға көңіл бөлу және тексеру мүмкін;
- концепция дәрежесі артады (табыс ситуациясы, төмен үлгеретін оқушының өзін- өзі бағалауы артады);
- күшті оқушылардың уәждеу дәрежесі артады.

Дифференциацияланған оқытудың жағымсыз жақтары:

- төмен үлгеруші оқушылар күштілері арқасынан ұмтылу мүмкіндігіне ие емес;
- төмен үлгеретіндер топтарында уәждеу дәрежесі төмендейді.

Оқушыларды оқытуды дифференциациялаудың екі негізгі түрін айырып көрсету мүмкін:

1. Сыртқы дифференциация (дифференциацияланған оқыту). Айрықша түрдегі мектептер мен сыныптарды құру талап етіледі.
2. Ішкі дифференциация (оқу істерін дифференциациялау). Сынып ішіндегі жұмысты ұйымдастыру талап етіледі.

§ 3. Бастауыш мектептегі сынып ішіндегі дифференциациялаудың ерекшеліктері

Қазіргі уақытта дифференциациялаудың өте көп әр түрлі көріністері бар. Дифференциациялаудың конкрет көріністері дифференциацияланған оқытудың *формалары* деп аталады, олар *түрлерге* біріктірілуі және әр түрлі *дәрежеде* жүзеге асырылуы мүмкін.

3. 1. Мектепте дифференциацияланған оқыту формаларын сыныптау үшін негіздер. Дифференциацияланған оқыту түрін айырып көрсету негізі қылып дифференциацияланған оқытудың бұл формасында негізгі болатын белгі алынады. Өз характері бойынша дифференциациялау негіздерін *жеке бас* және *әлеуметтік негіздер* деп бөлу мүмкін (Осмоловская И. М.).

Дифференциациялау әр түрлі дәрежеде өткерілуі мүмкін. Мысалы, Рональд де Гроот выделил үш дәрежені айырып көрсетті,

1- микродәрежеде сынып ішінде жеке топтарда әр түрлі ұсылдар қолданылады. Бұл дифференциациялау дәрежесі ішкі немесе сынып ішіндегі дәреже деп аталады.

2- мезодәреже- мектеп дәрежесі болып, бұл дәрежеде дифференциациялау мектеп ішінде жеке сыныптар, профильдер, бағыттар арасында өткеріледі.

3- макродәреже- мектептер арасындағы дифференциация, әр түрлі мектептер құру.

2- және 3- дәреже сыртқы дифференциациялау болады.

Индивидуалдастыру формаларын сыныптау мен сынып ішіндегі дифференциациялау негізі қылып екі критерий алынады:

1. Дифференциациялау характері (жеке бастық, жеке бастық-әлеуметтік, әлеуметтік).

Дифференциациялау характері дифференциацияланған оқыту түрлерін анықтайды:

- жалпы қабілеттіліктері бойынша;
- қызығушылықтары бойынша;
- жеке- психофизиологиялық ерекшеліктері бойынша.

2. Жеке ерекшеліктері негізінде оқу процесін ұйымдастыру ұсылдары (оның формалары):

- оқыту процесін индивидуалдастыру (персоналдастыру);
- әр түрлі дәрежедегі талаптарды айырып көрсету.

Ішкі дифференциациялау жеке бас факторларын есепке алуды қамтамасыз етеді. Ол бала даралығын ашып беруге, оның қабілеттіліктері мен бейімділіктерін анықтауға жәрдем береді және оларды оқу процесінде есепке алуды талап етеді. Бастауыш мектептегі ішкі дифференциациялауда балалардың ұлты мен діні, арнаулы қабілеттіліктері сияқты әлеуметтік факторларды есепке алу мүмкін.

Бастауыш мектептегі ішкі дифференциациялау өз ерекшеліктеріне ие:

1. Үйірмелердегі сабақтар және сыныптан тыс жұмыстардың басқа түрлері мен толықтырылған жеке қатынас шеңберінде оқушылардың қызығушылықтарын есепке алу мақсатқа сәйкес болады (Шахмаев Н. М.).

2. Оқушылар бейімділіктері мен нышандарының дамуының белгілі бір дәрежесіне тек өз өмір жоспарларын құрып бастайтын жоғары сыныптарда жетеді, соның үшін жобаластырылатын кәсібі бойынша ішкі дифференциациялау бастауыш сыныптарда әдеттегі іс емес.

3. Бастауыш мектепте оқыту оқушылардың жалпы қабілеттіліктері мен жеке- психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке алу негізінде құрылады, сондықтан кіші мектеп жасындағы балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алудың негізгі формалары мыналар болуы мүмкін:

- балалардың жалпы қабілеттіліктері мен психофизиологиялық ерекшеліктері, сондай- ақ, әр түрлі қиындық дәрежесіндегі тапсырмаларды, информацияларды әр түрлі формада беретін әр түрлі көлемді

индивидуалдастырылған өз бетінше жұмысты орындау арқылы қызметінің процессуалдық өзгешеліктері есепке алынатын жеке ұсыл;

- оқушылардың тек жалпы қабілеттіліктері ғана емес, қызығушылықтары да есепке алынатын дәрежелі дифференциациялау.

3. 2. Бастауыш мектептегі ішкі дифференциациялау формаларын сыныптау және ішкі дифференциациялау формаларының спецификасы.

Оқытуды клас ішінде индивидуалдастырудың айырып көрсетілген формаларының спецификасын қараймыз.

I. *Психофизиологиялық ерекшеліктері бойынша индивидуалдастырудан* көбіне бастауыш сынып оқытушылары пайдаланады. Білімдері мен қызығушылықтарының дәрежесі тек 3- 4 оқу жылдарында қалыптасып бастағандықтан оқу процесін құрғанда балалардың туа біткен жеке- типологиялық ерекшеліктері айрықша маңызды болады.

Бұл түрдегі дифференциациялауға негіз қылып мидың жұмыс істеу процесінің, нерв жүйесінің негізгі қасиеттерінің (жеке- типологиялық қасиеттер) жеке көрінулері мен байланысқан белгілер алынады. Сонымен бірге сабақтағы жұмысты ұйымдастырудың педагогқа байланысты болған өзгешеліктері өте маңызды. Оқыту оқушылардың психологиялық ерекшеліктері негізінде құрылады.

Осы көзқарастан оқытуды индивидуалдастыру жеке ұсыл формасында орындалады, бұл жерде ол оқушылардың жеке- психологиялық ерекшеліктеріне бағдарлану, жұмысқа олардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін арнаулы ұсылдар мен әдістерді қосу ретінде түсініледі. Ол оқыту ұсылдарын таңдап алу мен қолдануда, үй тапсырмаларын мөлшерлегенде, өз бетінше жұмыстардың варианттарын (олардың қиындық дәрежесі мен көлемі бойынша) анықтағанда байқалады.

Бұл түрдегі дифференциациялауды орындау ұсылдарының біреуі- оқу істерінің жеке стилін қалыптастыруға жәрдем беру. Е. А. Климовтың

анықтамасы бойынша қызметтің жеке стилі деп мәселелерді шешудің адамның табиғи ерекшеліктері комплексі мен анықталатын жеке- өзіндік әдістер мен ұсылдар системасы түсініледі. Оның пікірі бойынша егер оқушыда оқу істерінің жеке стилі қалыптасса, онда ол өз жеке- типологиялық ерекшеліктерінен пайдаланып, оқу шарттарына өте жақсы бейімделеді, дағдыланады.

Бұл түрдегі дифференциациялаудың мақсаты- балаға оқулық ситуацияларға бейімделудің өз спецификалық, оптимал ұсылдарын табуға жәрдем беру.

Оқу істерінің жеке стилі мен бір қатарда дифференциацияның бұл формасы оқу істерінің оптимал ұсылдарына үйретуді, жалпы оқулық икемділіктер мен дағдыларды және оқу ережелері мен нормаларының адал орындалуына қатал қатынас қалыптастыруды назарда ұстайды. Бұл балаларды меңгеру логикасы мен оқу істерін ерікті саналы орындауға үйретуге мүмкіндік береді. Мұндай оқыту сыртқы бейімделу қызметтерінің пайда болуына жәрдем береді.

Тұрмыс тәжірибесінде мұндай оқытуды жүзеге асырудың әр түрлі ұсылдары қолданылады.

В. Ф. Шаталов «таяныш сигналдар» жәрдемінде информацияларды жүйеге келтіру және бекіту, жалпылау ұсылдарынан пайдаланып өз шәкірттерін пәндерді саналы логикалық меңгеру ұсылдарына үйретеді. Шаталов жүйесінде оқыту ұсылы оқытудың қолайлы психологиялық климатын құру және оны дұрыс уәждеу мен үйлеседі.

Бастауыш мектепте С. Н. Лысенкова жаңа материалды меңгеру жылдамдығындағы айырмашылықтарды өз оқыту ұсылының негізі қылып алады. Сонда барлық оқушылар бағдарламаны меңгеріп алуы үшін оқытқанда уақыт қорын табу ол шешуге ұрынатын негізгі мәселеге айналады. Қиыншылықтар мен қателердің алдын алу үшін С. Н. Лысенкова оқу процесін түсінік беріп басқаруда таяныш схемалардан, оқулық материалды

оқушыларды оқыту және олардың ақыл қызметін басқару процестерін ұйымдастыруға жәрдем беретін таяныш сигналы көрінісінде алгоритмдестіруден пайдаланып оқушыларды перспективалық оқыту методикасынан пайдаланады. Бастауыш мектепте оқытуды ішкі индивидуалдастырудың мұндай ұсылы перспективалы, бірақ мектепте осы күнге дейін елеулі таралу таппады.

Абай болыңыз! Баланың психофизиологиялық ерекшеліктері жеткілікті есепке алынбаса, осындай оқыту ұсылы оқытушы барлық оқушыларды оқу істерінің бірдей дұрыс ұсыл мен әдістеріне үйретуге ұрынатын оқу іс ұсылдарын бірыңғайландыруға алып келуі мүмкін. Сонда оқытуды индивидуалдастыру оның карама- қарсылығына- оқушының даралығын жоюға айлануы мүмкін.

Оқытуды индивидуалдастырудың екінші формасы- әр түрлі оқу істерінің орындалу қарқынын есепке алу,- оқу істерінің процессуалдық параметрлерін есепке алады. Бір материалды меңгеру үшін әр түрлі оқушыға әр түрлі уақыт керек болады деген идея мұның негізінде жатады.

Жеке қарқында оқыту- сынып- сабақ жүйесі пайда болғанға дейін негізгі оқыту формасы ретінде пайдаланылған оқытуды индивидуалдастырудың ең алғашқы формасы. Мұндай оқытуда оқу істерінің қабылдау, пікір жүргізу, оқулық материалды меңгеру жылдамдығы сияқты характеристикалары негіз қылып алынады.

Мектепте оқытуды индивидуалдастырудың бұл формасы екі ұсыл мен берілуі мүмкін:

- бағдарламалық (қашықтықтан) оқыту;
- білімдерді толық меңгеру моделі шеңберіндегі топтық жұмыс.

Бағдарламалық оқыту машина мен оқушының оқушы ұсынатын қарқындағы диалогы формасында өтеді. Мұндай оқытуда материал үлестеп беріледі, машина сұрақтар береді және сол заматы оқушының білімін бағалайды. Бірақ бағдарламалық оқыту көп себептер мен шектеулі

характерге ие. Оқушылардың ауызекі тілі жеткіліксіз дамығандықтан әлеуметтік қатынас тапшылығы пайда болады. Бұл бағдарламалық оқытудың басты кемшілігі. Оны басқа оқыту формалары мен бірге орындау керек.

Білімдерді толық меңгеру моделі шеңберіндегі топтық жұмыс тек меңгеру қарқынын ғана емес, қабылдау және меңгеру өзгешеліктерін де есепке алуды талап етеді. Оқушының қабілеттіліктері бұл бала үшін оптимал іріктеп алынған шарттарда оның оқу қарқыны мен анықталады. Шарттардың біреуі уақытты шектеуді алып тастау. Б. Блум материалды үйренуге уақыт шектелмейтін шарттарда әр түрлі пәндерді оқытқандағы оқушылардың қабілеттіліктерін зерттеп, оқыту дұрыс ұйымдастырылса оқушылардың басым көпшілігі міндетті оқулық материалды толық меңгере алады, ал оқу нәтижелеріндегі айырмашылық міндетті оқыту нәтижелеріне талаптар шеңберінен сыртта байқалуы мүмкін деген қорытындыға келеді.

Білімдерді толық меңгеру моделі мақсаттар мен білім беру қызметінің анық қойылуын талап етеді: оқушылар нелерді білуі, нелерді істей алуы, оқу барысында оларда қандай құндылықтар қалыптасуы керектігін білуі керек. Сонымен бірге мақсаттардың технологиялылығы өте маңызды: оларға жету тексерілетін, яғни тексеру жабдықтары бар болуы, керек.

Белгілі бір тақырыпты материалдың базалық мазмұны мен қойылған мақсаттарға жету анықталатын алдын ала тексеру дәрежесінде үйренгеннен кейін сынып екі топқа бөлінеді. Бірінші топ пен жұмыс зерттелген материалды кеңейту мен тереңдетуге, екінші топ пен жұмыс осы материалды мұнан былай меңгеруге бағдарланған.

Бірінші топта жоғары қиындықтағы мәселелерді шешу, стандарт емес шығармашылық тапсырмаларды орындау бойынша жұмыс ұйымдастырылуы мүмкін. Екінші топта жеткіліксіз меңгерілген білімдер, іс ұсылдары біржолата игеріп алынады.

Осылайша дифференциацияланған оқыту осы модель шеңберінде мазмұнның белгілі бір фрагментін меңгеру нәтижелері бойынша қорытынды

тексеруді өткізгеннен кейін оқушылар топтарының істерінің әр түрлі характерін анықтайды.

Бұл модельді жүзеге асырудың қиыншылықтары біріншіден, уақыт қорын құру оқулық материалды тығыздауды талап етеді, бұл білімдерді меңгеруге жағымсыз әсерін тигізуі, ал екіншіден, оқушы үшін оқытудың жеке қарқынын тек аз уақыт дауамында қамтамасыз ету мүмкіндігі себепті пайда болуы мүмкін; әйтпесе бұл бағдарламадан айтарлықтай кейінде қалуға себепші болады.

II. *Жалпы қабілеттіліктері бойынша дербестендіру.*

Психофизиологиялық ерекшеліктері бойынша дифференциациялау ең әуелі баланың табиғи, туа біткен қасиеттерін және солардың негізінде қалыптасатын психологиялық қасиеттерін есепке алуды талап етеді. Олар оқулық дағдылардың, оқу істері ұсылдарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Оқудың табысты болуы, болмауы оқушының табиғи қасиеттері мен емес, олардың оқу процесінің талаптарына сәйкес келетін қасиеттері қандай дәрежеде қалыптасқаны мен түсіндірілуі мүмкін. Бұл қасиеттері оқушы меңгерген білім, икемділіктер мен оның мұнан былайғы дамуы мүмкіндіктерінің көрсеткіші болатын жетістіктерінің белгілі бір дәрежесіне сәйкес келеді. Оқыту тек балада бар қасиеттерді есепке алу мен шектелмей, оның «ең жақын дамуы» дәрежесіне бағдарланса ғана дамытушы оқыту болады. Оқытуды дифференциациялаудың бұл ұсылы оқушылардың дамуы дәрежелерін есепке алуға және оларға оқытуды бейімдестіруге негізделген. Оқытуды дифференциациялаудың бұл формасы оқушыларды оқыту тәжірибесінде кең таралған.

«Жалпы қабілеттіліктері бойынша индивидуалдастыру» дегенде оқушылардың дамуы дәрежелерін есепке алуға және оларға оқытуды бейімдестіруге бағдарланған жеке іс ұсыл формасы түсініледі.

Баланың дамуы дәрежесін есепке алу негізінде оқытуды дифференциациялау барлық оқушылардың білім мазмұнын меңгеруін

камтамасыз етуге жәрдем береді. Оқыту процесі оқушылардың таным талаптарына максимал жақын болады.

Л. В. Занков пен М. В. Звереваның оқушылардың дамуының жеке варианттарына бағышталған зерттеулері оқушылардың жалпы дамуына бағдарланған жеке іс ұсылы білімдер, икемділіктер мен дағдыларға ие болуы үшін алғы шарттар болатынын көрсетті. Жеке іс ұсылы бір жақтан барлық оқушылар үшін бірдей бағдарламалық материалды меңгеруде, екінші жақтан ақыл- ой, эмоционалдық, адамгершілік көзқарасынан индивидуалдығының білінуінде байқалады.

Д. Б. Эльконин ақыл- ой дамуын ынталандыру мүмкіндіктері оқулық материалдың мазмұнында жасырынып жатады деген пікірді негіз қылып алады. Оқулық материалдың теориялық дәрежесінің артуы оқушылардың ақыл қабілеттіліктерінің өсуіне алып келеді. Демек, дамуды қарқындандыру үшін білім берудің теориялық дәрежесін арттырып, оның мазмұнын өзгерту керек. В. В. Давыдов Д. Б. Элькониннің теориясын дамытты және кіші жастағы оқушылардың ақылының дамуын қарқындандыруға арналған тапсырмалар түрлерін жасап шығарды.

Н. А. Менчинская, З. И. Калмыкова, В. И. Зыкова, А. М. Орловалардың эксперименттері де оқушылардың дамуын жеделдету мүмкіндігін көрсетті. Бұған сәйкес оқулық материалды таңдап алып және өз бетінше жұмыс пен материалды өз бетінше меңгеруі үшін қажет рационал икемділіктерді қалыптастырып жетісу мүмкін.

Оқыту процесін дифференциациялаудың осындай ұсылы әр бір оқушыға жалпы білім мазмұнын меңгеруі үшін жағдайлар тудыруы керек, ал максимал дамытуға бағдарланғандығы білім беру процесінің жайлы шарттарын жасайды.

Педагогикалық әдебиетте оқушылардың ақылының дамуына бағдарланған оқытуды дифференциациялауды ұйымдастырудың әр түрлі құралдары мен ұсылдары суреттеледі.

И. Унт дифференциацияланған оқытуды индивидуалдастырылған тапсырмалар (кемшіліктерді жоятын тапсырмалар; бұрынғы білімдерді есепке алатын тапсырмалар; баламалы тапсырмалар) арқылы жүзеге асыруды, тұрақты және тұрақсыз топтардағы жұмысты ұйымдастыруды ұсынады.

А. А. Кирсанов оқушының өзіндігін дамыту, олардың білімдеріндегі кемшіліктерді жою мақсатында қажет ақыл қызмет ұсылдарын қалыптастыруды ұсынады. Оқушыларға жәрдем беру дәрежесі мен көлемін түрлендіру бұл мақсатқа жету құралы болады.

Е. С. Рабунский индивидуалдастыруды жүзеге асырудың екі негізгі бағдарын көрсетеді: оқушылардың білімдерін жақсы үлгерушілер дәрежесіне теңестіру, оқушылардың білімдерін тереңдестіру және кеңейту, оларда жеке іс стилін қалыптастыру.

Л. В. Занков пен М. В. Зверева бастауыш мектепте оқушылардың кей біреулерін екіншілерінің дәрежесіне сүйрелеп жеткізу емес, ал олардың әр біреуінде байқалатын оқуға, қарым- қатынасқа, ұжымдық білім табу процесінде қатысуға ішкі ниетті дамыту керек деп есептейді. Дифференциация сұрақтың немесе тапсырманың ортақтық дәрежесін, бағалау характерін өзгерткенде, әр алуан ақыл қызметі түрлерінен, әр бір оқушының ішкі мүмкіндіктерінен пайдаланғанда айқын көрінеді.

3. И. Калмыкова оқытуды оқушылардың өзбетінше жұмыстары бойынша дербестендіруді ұсынады. Бұл сыныптың үлкен бөлегінің жұмысын дербестендіруге мүмкіндік береді. Ол жұмысты «варианттар бойынша» ұйымдастыруды және тапсырмаларды қиындығы бойынша дифференциациялауды ұсыныс етеді.

«Варианттар бойынша» жұмыста балаларды топтарға бөлу талап етіледі. Оқытушы бір топ пенен шұғылданып жатып, басқа балаларға олардың мүмкіндіктеріне сәйкес карточкалардағы тапсырмаларды береді. Оқушылардың жалпы интеллектуалдық дамуы топтарды іріктеп сайлаудың

негізгі параметрі болады. Бір дәрежеден екіншісіне өту оқушыларға берілетін информацияларды қысқарту және оларға көбірек дербестік беру мен сипатталады.

Оқытуды ұйымдастырудағы қиыншылықтар:

- Оқушылар топтарын олардың интеллектуалдық даму дәрежесі бойынша ашық бөлу оқушылар тұлғасын қалыптастыруға ұнамсыз әсерін көрсетеді. Демек, бұл жұмыс оқытушыдан үлкен әдептілікті талап етеді;
- Бұл жүйе бүкіл зерттелетін материал бойынша әр түрлі варианттардың болуын талап етеді. Баспа негізінде арнаулы дайындалған оқу құралдары мен оқулық материалдар оқытушының еңбегін жеңілдетуге жәрдем береді.

Дифференциацияланған оқытуды ұйымдастырудың басқа формасы- барлық оқушылар үшін материалды зерттеудің кез келген басқышында әр түрлі қиындық дәрежесінде бір уақытта *дербестендірілген өзбетінше жұмыс*. Тапсырманы осылай дифференциациялау сыныптағы және үйдегі оқу істерінде оқушылардың оқу мүмкіндіктерін максимал есепке алуға мүмкіндік береді, оқушының жақын арадағы даму аймағында оқытуға мүмкіндік жаратады.

Оқытуды ұйымдастырудың қазіргі заман ұсылдары тек оқушылардың оқу мүмкіндіктерін есепке алуды ғана емес, оларға артықшылық беруді, оқушының оқу процесіндегі жеке басы міндеттерін актуалдастыруды талап етеді. Мұндай ұсыл *дербестендірілген өзбетінше жұмыстың* мақсаттары мен оны ұйымдастыру ұсылдарын қайта қарауды да талап етеді. Мысалы, осы көзқарастан оқушылардың өз бетінше жұмысы олардың өзін- өзі билеуін, өз мүмкіндіктерін өзі ашуын, өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Сонда оны ұйымдастыру ұсылдары да, оны ұйымдастырудағы оқытушының ролі де өзгереді.

Оқытушының негізгі ролі- тапсырмаларды өз бетінше саналы тандап алуды және өзбетінше жұмыс істеуді үйрету.

Оқушы ұсынылатын тапсырманың қиындық дәрежесін, информациялардың мазмұны мен характерін еркін таңдап алатын ситуация жарату осындай жұмысты ұйымдастыру ұсылы болуы мүмкін. Кіші жастағы балаларды оқытқанда осындай ситуацияларды жарату шарттары мен мүмкіндіктері В. В. Зайцевтің ғылыми еңбектерінде келтірілген.

Бұл методика оқушының білім мазмұнына, оларды қайта жөндеу ұсылдарына, оларды игеруге қызығуға бекем бағдарлануын ашуға мүмкіндік береді. Оқушының өзі таңдап алған пәндік мазмұнда үлкен өнімділікке жетуді мақсат етіп қойып өзбетінше жұмыс істеу ептілігіне негізделген ішкі ынталандырмаларының ролі артады. Оқытушы аралық немесе қорытынды зерттеулердің нәтижелеріне негізделіп оқушыға дербестендірілген өзбетінше жұмыс арқылы білімдерін тереңдестіру және кеңейтуге немесе жақсы меңгерілмеген материалды қайта жөндеуге бағдарланған тапсырмаларды беруі мүмкін.

Оқытуды дербестеу арқылы сынып ішінде дифференциациялаудың бұл суреттелген ұсылдарынан басқа ұсылдары да болуы мүмкін.

Мысалы, дәрежелі дифференциация технологиясын толық меңгеру технологиясының қазіргі заман модификациясы деп есептеу мүмкін.

III. *Сынып ішінде дәрежелі дифференциацияны* В. В. Фирсов, В. А. Орлов, В. М. Монаховтар зерттеген.

В. В. Крутецкий мен Н. А. Менчинскаяның тек оқушы қол жеткізген дәрежеге (актуал даму дәрежесі) негізделген оқыту ғана оптимал дамытушы болуы мүмкіндігі анықталған зерттеулері дифференциацияның бұл түрінің психологиялық негізі болады. Осы көзқарастан оқытуды дәрежелі негізде құру керек.

Дәрежелі дифференциацияға тән белгілер:

- әр бір оқушы үшін міндетті дайындық дәрежесін анықтау. Мұнда минимал білімдер дәрежесі бағдар болып қызмет қылады;

- оқушы кез келген пәнді үйренудің өзі үшін қажет және жеткілікті деп есептейтін дәрежесін таңдау құқығы мен мүмкіндігі.

Дәрежелі сынып ішінде дифференциациялаудың анықталған белгілері негізінде оның мына анықтамасын беру мүмкін.

Дәрежелі дифференциация- оқушылардың жалпы қабілеттіліктері мен қызығушылықтары бойынша әр бір оқушының оқулық пәнді зерттеу дәрежесін таңдап алу құқығы мен мүмкіндігін қамтамасыз ететін ішкі дифференциация.

Дәрежелі дифференциация идеясының авторлары оқыту процесінде оқытушылар әрдайым оқулық материалдың максимум мазмұнын бағдар қылып алуына сүйенеді. Егер оқушы бұл максимумды толық менгеріп алса, оның білімдері 5 балл мен, егер елеусіз кемшіліктер мен дәлсіздіктер болса, 4 балл мен және т. б. бағаланады. Адал ниетті оқушы осы білімдер максимумына бағдарланды және оны менгеріп алуға бар күшін жұмсады. Бұл оқушыға артық жүк болды себебі ол барлық пәндер бойынша максимум білімдерді менгеруді өз алдына мақсат қылып қойды.

Дәрежелі дифференциация идеясының авторларының пікірі бойынша оқыту процесінде мазмұн максимумына бағдарланудан минимумға бағдарлануға өту керек. Соныңмен бірге оқушы игеру керек болған, мұнысыз өзі сайлап алған пәнді зерттеуде алға ілгерілемейтін минимумды айқын анықтау керек. Бұл жалпы дәреже, оқушы білуі керек болған түсініктер тізімі түрінде; оқушы жауап беріп білуі керек болған сұрақтар түрінде; оқушы шешіп білуі керек болған үлгі мәселелер түрінде айқын берілетін жалпы талаптар дәрежесі. Оқушы көтеріңкі дәрежелерде де менгеруі керек болған мазмұн да анықталады.

Әр бір оқушы оқулық материалды қай дәрежеде менгеретінін өзбетінше анықтау құқығы мен мүмкіндігін алады. Тек бір шарт- бұл дәреже міндетті дайындық дәрежесінен төмен болмауы керек. Оқытушы материалды минимал дәрежеден жоғары дәрежеде түсіндіреді. Сонымен бірге оқытушы

оқушылар белгілі бір дәрежеде шұғылданып игеруі керек болған оқулық материалдың мазмұнын айқын анықтайды, кезектегі тақырыпты үйрену сабағының басында олар жетуі керек болған нәтижелер мен таныстырады.

Егер бір оқушы белгілі бір пәнді міндетті талаптар дәрежесінде, ал баскасы жоғары дәрежеде үйренуді қаласа (тек қалап ғана қоймай, мұны істеу қолынан келсе), онда олар мұндай мүмкіндік алуы керек. Солай етіп, дәрежелі дифференциациялауда тек оқушының интеллектуалдық қабілеттіліктері ғана емес, олардың тілектері де есепке алынады.

Дегенмен, дәрежелі дифференциацияны оқыту тәжірибесіне енгізгенде белгілі бір пәнді үйрену қабілетіне ие кейбір оқушылар міндетті дәрежеден жоғары дәрежені таңдап алғысы келмегені анықталды. Екінші жақтан, оқушылардың қызығушылықтары мектеп шегарасынан тысқарыда жатуы мүмкін, онда оқушы басқа пәнді терең үйренуі үшін белгілі бір пәнді минимал дәрежеде үйренеді деп айтуға болмайды.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың жеке ерекшеліктері әлі білімдер жүйесі мен аз байланысқан, белгілі бір білім тарауындағы қызығушылықтары әлі жоқ. Бұл бастауыш мектепте дәрежелі дифференциациялаудан пайдалану мүмкіндіктерін айтарлықтай шектеп отырады.

Бастауыш мектепте тек мәтіндік мәселелерді шешуді үйреткенде таяныш дәрежесін анықтау мақсатқа сәйкес келетін математика сабақтарында ғана дәрежелі дифференциациялаудан пайдалану мүмкіндіктері қаралады. Бірақ ол бастауыш оқыту курсының басқа пәндеріне қарай теориялық жақтан жалпыланбаған және жеткілікті негізделмеген болып қала береді, бұл одан бастауыш мектепте пайдалануды қиындастырады.

Дифференциациялаудың бұл түрінде уәждемелік өрісті дамытуға жекілікті көңіл бөлмеу де оның кемшілігі болады. Оқушыларды қосымша ынталандыру қажеттігі пайда болады, бірақ бұл ынталандырулар ішкі емес, сыртқы, оқу белсенділігін өзін-өзі реттеуге бағдарланған ынталандыру

болады. Бұл мәселені зерттеушілер балалардың дербестікке ұмтылуын қалыптастыруды осы ынталандыруға жатқызады. Оқытушы оқушының төмен дәрежеде білім алуға ұялуына, өз мүмкіндіктерінен толық пайдалануына ерісуді мақсат кылып қояды. Мұндай оқытуда оқулық уәждер білім мазмұнынан сыртта жатады, оларды алуға ішкі талаптар пайда болмайды.

Дегенмен, бұл ұсылдың құндылығы- білімдердің максимал дәрежесі мен бір қатарда минимал дәрежесі де анықталады, оны анықтауға ұсынымдар беріледі, бұл оқыту процесінде оқушылардың оқу мүмкіндіктерін максимал есепке алуға жәрдем береді. Оқыту дәрежесін анықтаудың бұл ұсылы дифференциациялаудың басқа түрлерінде де қолданылуы мүмкін, мысалы, өзбетінше жұмыс үшін тапсырмалардың қиындық дәрежесін; төмен үлгеретін оқушылар үшін белгілі бір пән бойынша оқуды жалғастыру үшін олар менгеруі қажет болған оқыту дәрежесін анықтағанда.

Солай етіп, жоғарыда айтылғандардан мына қорытындыны жасау мүмкін:

1. Бастауыш мектепте дифференциацияланған оқытудан пайдалану тәжірибесінде оқушылардың қабілеттіліктері, қызығушылықтары, жеке-психофизиологиялық ерекшеліктері, уәждері есепке алынатын сынып ішінде оқытуды дербестендіру ұсылы өте жиі қолданылады;

2 Оқытуды дифференциациялау оқыту формаларын, ұсылдарын дербестендіру, жәрдем көрсету, дербестендірілген оқыту құралдарын жасау арқылы жүзеге асырылады;

3 Дербестендіру оқушының жеке өзгешеліктерін максимал есепке алуға да, өз мүмкіндіктерінен толық пайдалануына жағдайлар жасауға да бағдарланған.

Өзін- өзі тексеру үшін тапсырма:

Дифференциацияланған оқыту формасын кестеде оның түріне қарап бөлістіріңдер.

1. Оқушыға жеке оқу іс стилінің қалыптасуына жәрдем беру.
2. Дербестендірілген өзбетінше жұмыс.
3. Бағдарлама бойынша оқыту.
4. Оқулық пәнді үйрену дәрежесін таңдап алу.
5. Толық менгеру шенберіндегі топ жұмысы.

Өзін- өзі тексеру үшін тапсырмаға жауаптар:

Психофизиологиялық өзгешеліктері бойынша дербестендіру	Жалпы қабілітіліктері бойынша дербестендіру	Сынып ішіндегі дәрежелі дифференциация

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Бастауыш білім берудің маңызды мәселелерінің біреуі- әр бір оқушы өз мүмкіндіктерін толық жүзеге шығаруы, оқуды қалауы және оқи білуі үшін жағдайлар тудыру. Әр бір сынып дамуы және дайындық дәрежесі бірдей емес, оқуға қатысы мен қызығушылықтары әр түрлі оқушылардың құралған. Көбінесе оқытушы оқытуды балалардың даму және үлгеруінің орта дәрежесіне сәйкес жүргізуге мәжбүр болады. Бұл сөзсіз «күшті» оқушылар өз дамуында жасанды кідіруіне, оқуға қызығушылығын жоғалтуына, ал «нашар» оқушылар дағдылы артта қалушылыққа душар болуына алып келеді. Орташа оқушылар да әр түрлі, олардың қызығушылықтары мен бейімділіктері, қабылдау, пікір жүргізу, жадының ерекшеліктері әр әлуан. Сондықтан әр бір оқушы толық күш салып жұмыс істеуі, өз күшіне сенім сезуі, оқу еңбегінен қуаныш алуы, бағдарламалық материалды саналы және бекем меңгеруі, өз дамуында ілгерілеуі керек. Бұның үшін оқу процесін жеке қатыс принципі негізінде құру қажет.

Оқушылардың таным белсенділігі мен өз бетіншелігін тек оқу процесі әр бір баланың қарқынды интеллектуалдық қызметі ретінде оның ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке алып ұйымдастырылса ғана табысты дамыту мүмкін; тек баланың талаптарын, қызығушылықтарын, дайындық дәрежесін, таным ерекшеліктерін біліп ғана оның білімдерді, икемдіктер мен дағдыларды игерудегі, қабілеттіліктерін дамытудағы ролінен толық пайдалану мүмкін.

Бұд жұмысты орындау барысында мынадай нәтижелер алынды:

1. Оқыту процесін дифференциациялау теориясын және тәжірибесін дамыту идеялары зерттелді. Оқыту процесіне дифференциацияны енгізу бойынша еліміздің және сырт ел педагогтарының көзқарастары, әр түрлі жоспарлар қарап шығылды.

2. Оқыту процесін дифференциациялаудың мазмұны, мақсаттары мен формалары зерттелді.
3. Қоршап тұрған дүние мен таныстыру процесін дифференциациялаудың эффективтілігінің психологиялық- педагогикалық негіздері мен шарттары анықталды.
4. Математика сабақтарында дифференциация технологиясы бойынша жұмыс көріп шығылды. Тапсырмаларды дифференциациялаудан пайдалану білім дәрежесі әр түрлі оқушылардың білімдерді максимал игеруі мүмкіндігін береді.

Әр бір жеке- типологиялық топтардың балаларын дифференциациялап оқыту оқушылардың дыққатын, қабылдауын, жады мен пікір жүргізуін жоғары дәрежеде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл баланың сабақтағы белсенділігін, пәнге қызығушылығын, өз бетінше жұмыс істеу тілегін арттырады.

ӘДӘБИЕТТЕР

1. Белошистая А.В. Вопросы обучения решению задач. // Начальная школа. 2003, №3.
2. Деменева Н.Н. Дифференцированная работа на уроках математики в начальной школе. // Начальная школа. 2004, №2.
3. Демидова Т.Е. Обучение решению некоторых видов составных задач. // Начальная школа. 2003, №4.
4. Конева Л.С. Технология разноуровневого обучения учащихся основной школы. Аркор, 1999.
5. Некрасова О.А. Прием поиска логических основ условий текстовых математических задач в составе творческой деятельности учащихся. // Начальная школа. 2003, №7.
6. Фонин Д.С., Целищева. Моделирование, как важное средство обучения решению задач. // Начальная школа. 1990, №3.
7. Дьяченко О.М. Проблема индивидуальных различий в интеллектуальном развитии ребёнка. // Вопросы психологии. - 1997., №4
8. Калягин Ю.М. и др. Профильная дифференциация обучения биологии. // Биология в школе. - 1990. - № 4.
9. Капустин Н.П. Педагогические технологии адаптивной школы. - М., "Академия", 2002.
10. Клевченя М. С Психологические проблемы дифференцированного обучения // Актуальные проблемы дифференцированного обучения. - Мн., "Народная асвета", 1992.
11. Монахов В.М., Орлов В.А., Фирсов В.В. Проблема дифференциации обучения в средней школе. - М., 1990.
12. Орлов В.А. Дифференциация обучения и работа с одарёнными школьниками // Начальная школа. - 1992, №2.
13. Перевозни А.В. Дифференциация школьного образования: история и современность. - Мн., 1996.

14. Перевозни А.В. Педагогические основы дифференциации современного образования. - Мн., Академия последипломного образования, 1998.
15. Покровская С.Е. Дифференциация обучение учащихся в средних общеобразовательных школах. - Мн., "Беларуская навука", 2002.
16. Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. - Педагогика, 1990.